

Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез.

Абай

ҚҰРЫШ ҚАЛА KZ

khurysh_khala_KZ@mail.ru

Теміртау қалалық әлеуметтік-ақпараттық газет 10 шілде жұма 2015 жыл № 26 (28)

Металлургтер әулеті




Металлургтер күні қарсаңында қаламыздағы тарихи-өлкетану мұражайы қазақ металл заводы, Қарағанды металлургия комбинаты кәсіпорындарында еңбек жолын бастап, қазір де ұрпақтары „АрселорМиттал Теміртау„ АҚ өндірісінде жұмыс істеп жатқан металлургтер әулеттері туралы жәдігерлер жинақтап, үлкен көрме жасады. „Ұрпақтардың жіпсіз байланысы„ жобасы аясында Қазақстан Магниткасының 55 жылдығы қарсаңында бұл жолы төрт әулет туралы құнды деректермен танысуға болады. Олардың жалпы осы саладағы әулеттік жұмыс өтілдері жүз алты жылдан үш жүз қырық екі жылға дейін жетіп отыр. Бұл цифрлар бір емес, бірнеше ұрпақтың өмірі дәл осы темір өндірісімен тікелей байланыста үздіксіз жалғасып келе жатқанын көрсетеді. Жалпы қазіргі таңда „АрселорМиттал Теміртау„ АҚ өндірісінде 440 еңбекшілер әулеті болса, олардың қатарында екі мыңға жуық адам бар.

10-бет

Өте құнды туынды

2-бет




Шағын хайуанаттар бағы ашылды



Бұған дейін талай рет жазғанымыздай, біздің құрыш қаламыз «Шағын қалаларды дамыту» мемлекеттік бағдарламасына еніп, соның негізінде көптеген игілікті іс-шаралардың атқарылуына республикалық бюджеттен қомақты қаржы бөлінуде. Былтырдың өзінде шағын және орта бизнесті дамыту мақсатында өз ісін ашып, кәсіпкерлікпен айналысқысы келетін қала тұрғындары «Бизнестің жол картасы» бағдарламасымен 20 миллион теңгенің грантын алды. Әрине, ол үшін жоба ұсынып, ол істің теміртаулықтар үшін қаншалықты қажеттігін арнайы комиссия көріп, содан соң ғана електен өткендері жеңімпаз деп танылып, мемлекеттің қайтарымсыз қаражатына қол жеткізе алады. Әрбір өз ісін ашушыға үш миллион теңге көлемінде грант бөлінеді. Осындай грантқа ие болған жерлестеріміздің қатарында жапондық моншаны және хайуанаттар бағын ашуды ұсынған Андрей Яршов пен Надежда Брюхова да бар болатын. Өткен аптада, яғни Астана күні қарсаңында олардың ашылуына орайластырылған тұсаукесер салтанаты болып өтті.

4-бет



Елбасы Н.Назарбаевтың «Өмір өткелдері» атты сұхбат кітабы – елдің тарихымен тығыз байланыста болғандықтан өскелең ұрпақ үшін аса қымбат. Білуімізше, бұл кітапта Елбасының тегінен бастап, бүгінге дейінгі ел дамуы, аумалы-төкпелі уақытта басынан өткерген күрделі де шешуші сәттері баяндалған. Еліміздің бүгінгі

Пікір

Өте құнды туынды

жетістіктеріндегі Мемлекет басшысының ерен еңбегіне осы кітап арқылы тағы бір мәрте көз жеткізерімізге шүбә жоқ. Отаншылдықтың, Отанды сүюдің үлгісі бар бұл кітапта. Мемлекет басшысымен Теміртауда үзеңгілес қызмет атқарған жылдарда, бұған өз басым, көзім әбден жеткен. Бұған дейінгі Елбасының кітаптары елдің ғана емес, шетелдің қызығушылығын тудырған болатын. Бүгінде ол кітаптардың әлемнің бірқатар тілдеріне аударылуда екенінен де хабардармыз. Әлем қайраткерлерінің Нұрсұлтан Әбішұлы туралы кітап жазуының өзі Президент тұлғасының даралығын аңғартса керек-ті. Сондықтан, «Өмір өткелдері» өте құнды, ел тарихының тұтас бір кезеңінің



Тілеуберді СМАҒҰЛОВ
„Құрыш қала КЗ„ газетінің
редакциясы, ЖШС
директоры

Ерекше сыйлық

Астана күнінде теміртаулықтарға ерекше тарту жасаған қаламыздағы „Бидай-нан„ кәсіпорны болды. Мұндағы жұмыскерлер былтыр да салмағы 80 келі тұратын үлкен тортты әсемдеп жасап, жұртшылықтың назарына ұсынып, Астана күнін мерекелеуге шыққан жерлестерімізге дәм татырған еді. Бұл игілікті іс биыл да жалғасын тауып, былтырғыға қарағанда он келіге ауыр, яғни 90 келі тұратын торт тұрғындарды таң қалдырды. Бұл жолы „Бидай-нан„ қалалық әкімдікпен бірлесе отырып дайындалғандығын айтады.

„Бидай-нанның„ тартуы- торт



- Әрине, алаңға жиналған тұрғындарға тарату үшін оның ыңғайлы болуына баса назар аударып, шағын мыңдаған бөліктерден тұратын пирожныйларды астыңғы бөлікке орналастырдық. Олардың саны қандай көп болса, түрі мен дәмі де сондай, мысалы, шоколадты суфле, жаңғақ, жеміс қосылған секілді түрлері көп, -дейді мамандар.

Торттың жоғарғы қабатында Ақорда бейнеленген, оның салмағы 16 келіден асады. Бұл сыйлықты дайындауға кондитер цехының ұжымы түгел атсалысып, оған 160 келі ұн, 95 келі жұмыртқа, 95 келі қант, 15 келі бананмен сонша келі сары май, 2 келі мак, 5 келі шоколадты қоспа қосқан. Үш қабаттан тұратын торттың безендірілуінің өзі керемет, ол үлкен болумен қатар әдемі, сонымен қатар табиғи өнімдер қолданылған.

Осылайша, теміртаулықтар Астана күнін тойлап, қаламыздағы іргелі кәсіпорын „Бидай-нан„ сыйға тартқан салмағы 90 келі тұратын торттан дәм татып, алғыстарын жеткізіп, мерекелік көңіл-күйде болды.

Өз тілшімізден

«Мерейлі отбасының» республикалық кезеңі

Бүгінгі таңда «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының республикалық кезеңін дайындау және ақпараттық жарықтандыру бойынша Іс-шаралар жоспары бекітілді.

Өңірлердегі байқау қорытындылары көрсеткендей, 2015 жылы «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауына қатысушы отбасылар саны 1,7 есеге (2015ж.-2285, 2014ж.-1298) артты. Барлық қатысушылардың жалпы санының 77%-тен астамын (1767) ауылдық жерлерде тұратын отбасылар құрайды (2014 ж.-16%, 209 отбасы). Өткен жылмен салыстырғанда көпбалалы отбасылар екі есеге, жас отбасылар бір жарым есеге көп қатысты. 319 отбасылық еңбек әулеті, 19 этнос жан-жақты көрсетілді.

Бұл отбасылардың басты құндылығы – патриоттық сезім, үлкенге деген құрмет пен ізгілікке негізделген рухани-адамгершілік құндылықтарды сақтау және ұрпақтан ұрпаққа жеткізу болып табылады. Бұл отбасылардың әрбір өкілі – еңбек адамы, ауылдың немесе қаланың қарапайым еңбеккері.

Қорытындысында Г.Н.Әбдіқалықова «Мерейлі отбасы» лауреаты атағы үшін смс және Интернет арқылы дауыс беруді өткізудің барлық ұйымдастырушылық мәселелерін сапалы түрде пысықтау қажеттігін атап өтті, сондай-ақ мүдделі мемлекеттік органдарға бірқатар нақты тапсырмалар берді.

Эстафета

«Саған, Астана!» деген ұранмен бас қаланың күніне орай өткізілген эстафета биыл осымен үшінші рет мәреге жетіп отыр. Оның алғашқы басқышы облыс орталығы Қарағандыда басталып, қатысам деушілердің барлығына мүмкіндік берді. Осылайша, облыс тұрғындары таңсәріден, нақтырақ айтқанда тағы сағат 04.00-ден бастап Тәуелсіздік алаңына жиналып, эстафетаның басталуын тағатсыздана күтті. Бұл жолы алты мыңнан аса қарағандылықты аймақ басшысы Нұрмұхамбет Әбдібеков құттықтады.

Жүйріктер желмаядай есті

-Астана күніне орай осы эстафетаны өткізу жақсы үрдіске айналып келеді. Расында, бұл қарағандылықтардың елорданың дамуына қолдайтындықтарын, қуанышқа ортақ екендіктерін көрсететін үлкен шара. Өйткені, Астанамыз әлемдегі ең танымал қалалардың қатарынан ойып тұрып орын алғаны аян. Өсем қала астананың салынып, дамуына біз, қарғанадылықтар өз үлесімізді қосқанымызды мақтан тұтамыз, -деді облыс әкімі.

Расында сәулеті сәнді, аспанмен таласқан ғимараттардың салынуына инженерлер мен дизайнерлердің, құрылысшылардың қосқан үлесі елшеусіз. Елорданың құрылысы мұнымен тоқтап қалмайды, Астанадағы



құрылыс әлі де салынып жатыр. Эстафетаның салтанатты ашылу рәсімінде бірқатар құрылысшылар да сөз сөйлеп, ақ тілектерін жеткізді, сосын жиналғандар эстафета эмблемасы бар ауа шарын аспанға ұшырды.

Эстафетаның алғашқы айналымы Тәуелсіздік алаңынан „Шахтер„ стадионына дейінгі 1,4 шақырым қашықтықты құрады. Биылғы эстафеташылардың қарасы қалың, олардың арасында кәсіби спортшылармен қатар қарапайым тұрғындар, ардагерлер мен жастар және мүмкіндігі шектеулі азаматтар да бар. „Шахтер„ стадионының алдында олардың арасынан суырылып алға шығып, алғашқы жүздіктің қатарында келгендерге құрмет көрсетіліп, ұлттық тағамымыз бауырсақ пен



қымыздан дәм татуларына жағдай жасалыпты. Сонымен қатар сертификаттар тапсырылды.

Эстафетаның екінші айналымы Қарағанды — Теміртау тас жолының бойымен жалғасты, әуелі велосипедшілер, сосын қоларбаға таңылған мүмкіндігі шектеулі азаматтар, осылай ретімен орналасып, жарыс әрі қарай жалғасты. Тағы бір айта кетерлігі, аймақтың он сегіз қала аудандарының командаларынан қатысқан спортшылар арасында міндетті түрде Астанамен жасты, яғни жасы 17-дегі қыз-жігіттердің болуы шарт. Ұзындығы 15,5 шақырымды құрайтын аралық он алты бөлікке бөлініп, әр қатысушының бір шақырымға жуық жерді жүгіріп өтуі тиіс болды. Сонда осы арақашықтықты жүргірген спортшыны келесі көлікте командаласы күтіп алып, эстафетаны одан әрі жалғастырып отырды.

Теміртаулықтар қаламыздағы тұңғыш Президент тарихи-мәдени орталығының алдында тағатсыздана күтіп тұрды, өйткені мұнда жеңімпаздарға құрмет көрсетіліп, мәдени-спорттық шаралар легі одан әрі жалғасын табуы жоспарланған болатын. Қарағандылық команда бірінші орынды иеленсе, теміртаулықтар екінші орынды, ал Абай айданы үшінші орынды жеңіп алды.


Р. ЖАҚЫПҚЫЗЫ

Индустрияландыру күні

2 шілде елімізде индустрияландыру күні ретінде аталып келеді. Биыл бұл мереке ҚР Президенті, ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың және ондаған кәсіпорындардың қатысуымен жалпы ұлттық телекөпір аясында өтті, онда ел бойынша көптеген жаңа инновациялық индустрия орындары тұсаукесерін өткізіп, жаңа жобалар үлкен өмірге қадам басты. Біздің „Арселор-Миттал Теміртау„ АҚ өндірісі бойынша жаңаланып, заманауи жабдықталған №3 домна пеші тұсаукесер рәсімін жасады. Қазіргі уақытта комбинат бір ғана пешпен жұмыс істеп тұрғанына қарамастан индустрияландыру күні аясында өткен іс-шаралар биыл 55 жыл толып отырған Қазақстан Магниткасын жарқын болашақ күтіп тұрғанын көрсетті.

тұрады. 2 шілде күні онлайн тәртібінде елімізде он жаңа кәсіпорын іске қосылды, жалпы бірінші жарты жылдықта республика бойынша жиырма жаңа жоба іске асып, екі мыңнан аса жұмыс орыны құрылған болатын. Ал Қарағанды аймағы бойынша осы №3 домна пешінің жаңаланып, іске кірісуі осындай ірі индустриаландыру жобасы еді. Бұл күнді теміртаулық металлургтер асыға күтті, сондықтан болар олар өз қуаныштарын телекөпірге қатысушылардың баршасымен ықыластана бөлісті.

- Құрметті Нұрсұлтан



еліміздегі тұңғыш шойын балқытудың 55 жылдығымен шын жүректен құттықтап, ең ізгі тілектерін эфир арқылы жеткізді:

-Бұл оқиға Қарағанды металлургия комбинаты және жалпы Қазақстан металлургиясы тарихындағы аса бір бетбұрыс кезең болды. Мен бірінші домна пешінде тұңғыш Қазақстан шойынын алуға өзім тікелей қатыстым. Сіздердің бұл табыстарыңыз Қазақстанның тарихына алтын әріптермен жазылды, бүгінгі таңда да комбинаттың ешбір іркіліссіз дамып, сол дәстүрлерді жалғастырып отырғаны өте қуанышты жағдай. Теміртаулық металлургтер ел экономикасына елеулі үлес қосуда. Сіздерге мол табыс, мықты денсаулық тілеймін, - деді Елбасы.

Қарағанды металлургия комбинаты елу бес жыл бойы техникалық қуаттылықтың тамаша символына айналып келеді. Бүгінгі таңда ол өзінің темір, көмір, энергетика базалары мықты үлкен тау-кен металлургия кешеніне айналып отыр. Оның құрамында агломерат, болат қорыту, темір қақтау, сұрыпты прокаттау сияқты өндірістер бар. 55 жылда комбинат 189 млн. тонна шойын, 171 млн. тонна болат, 157 млн. тонна ыстық прокаты өнімдер шығарған екен. Тұтынушыларға соңғы жылдарда ғана 13млн. тонна сұрыпты прокат өнімдері жөнелтілді. Ақ қаңылтыр, мырышталған және полимерлі жабындылы өнімдер 58 млн. тонна көлемінде шығарылған.

- Біздің комбинатта алғашқы шойын қорытылған күннен бастап талай уақыт өтті, міне, содан бері көптеген қиындықтар да, табыстар да болды. Бүгінгі таңда бұрынғы өндіріс мүлде өзгерді, біз жаңа жабдықтар орнаттық, әлемдік деңгейдегі жаңа технологиялар іске қосылды. Бірақ бұл жүйеде өзгеріссіз қалған бір-ақ нәрсені ерекше атап айтқым келеді: ол металлургтердің кәсібилігі, өз істеріне белсенділігі және мүдделілігі. Барлығыңызға мықты денсаулық, отбастарыңызға амандық тілеймін. Металлургияның от-жалынында шындалған жандар өмірде де әрдайым табысты болары сөзсіз, - деді „АрселорМиттал Теміртау„ АҚ бас директоры Виджай Махадеван индустрияландыру күніндегі телекөпірдің соңында.

Руза АЛДАШЕВА,
Серікгүл АЛТАЙБАЕВА



Президент металлургтерді мерейтойымен құттықтады

Телекөпірде комбинат басшылары ардагер металлургтер, өндіріс озаттары өздерінің жылы лебіздерін аяп қалмады.

- Біздің комбинаттың алдында тұрған стратегиялық міндет — жылына 6 млн. тонна болат өндіруге қол жеткізу. Ол үшін өндірісті барынша жаңалау қажет. Қазір бұл игілікті іс өте қарқынды әрі жоспарлы түрде жүргізілуде. Осы атаулы күн қарсаңында №3 домна пешін жаңалау толық аяқталды. Ол бұрынғы қуаттылығын әлдеқайда арттырған заманауи өндіріс ошағы, қазір мұнда еңбек өнімділігі бұрынғыдан 12,5 пайыз жоғары. Ең жаңа технология осында, сондай-ақ металлургтердің жұмыс жағдайы да жақсарды. Қоршаған ортаға шығарылатын қалдықтар барынша азайды, қазір диттеген меже алынды, яғни біз тәулігіне 6,3 мың тонна шойын қорыту деңгейін еңсердік, - деді „АрселорМиттал Теміртау„ АҚ бас директоры Виджай Махадеван.

№3 домна пешін жаңалау жобасы күрделі жөндеу деп аталғанымен, бұл жұмыс басталғанда мүлде жаңа бағыт алды. Жаңалау мен технологиялық шешімдердің өзгерісіне қарап, мұны екінші дәрежелі күрделі жөндеу емес, заманауи пеш салу деп айтсақ та болады. Өйткені №3 домна пеші осы қайта құрудан кейін „АрселорМиттал„ тобындағы ең үздік домна пештерінің қатарына енді, сөйтіп, мұндағы өнім сыйымдылығы 17 пайыз өсіп, домнаның өнімділігі жылына 2 млн. 300 мың тонна шойын табатын деңгейге жетті. Бұл жаңалаудың өнім көлемі жағынан ғана емес, үнемшілдік тұрғысынан да артықшылықтары көп. 173 млн. доллар инвестиция құйылуы нәтижесінде №3 домна толықтай автоматтандырылды, құю алаңындағы еңбек қауіпсіздігі жақсарды.



Пештің жұмыс тиімділігі артып, табиғатты қорғауға байланысты жаңа технологиялар іске қосылды.

Бұл жөндеу жұмысы өте күрделі болды, оған еліміздің жиырмадан аса кәсіпорындары тартылды. Жобалық құжаттарды дайындаудан бастап, тапсырыс беруге дейінгі аралықты ұйымшылдық пен бірегей көзқарас қалыптасты. Сөйтіп, барлық шаралар белгіленген жоспар бойынша уақытылы орындалып, пешті тұтату да, шойынды құю да өте жоғарғы деңгейде атқарылды.

Индустрияландыру күні аясындағы „Нұрлы жол„ мемлекеттік бағдарламасына және еліміздің индустриялық-инновациялық дамуына арналған жалпыұлттық телекөпірде „АрселорМиттал Теміртау„ АҚ өндірісі №3 домна пешінің тұсауын кесу бұл комбинат өміріндегі тарихи кезең десек болады. Жиынды Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі


ашты, ал завод басқармасының алдына жиналған жүздеген металлургтер бұл оқиғаның барысын жіті қадағалап тұрды.

- Қалыптасқан дәстүріміз бойынша индустрияландыру күні біз алғашқы жарты жылдықтың қорытындысын шығарып отырмыз, биыл индустрияландырудың екінші бесжылдығы басталған жыл, елімізде осы бағыттағы жұмысты бақылау үшін жүргізіліп жатқан жиындардың міне, оныншы отырысы өтуде. Осыдан-ақ сіздер бұл мәселеге өте қатты көңіл бөлетінімді біліп отырсыздар. Дағдарысқа қарсы шаралардың бәрі осындайда шешіледі. Ең бастысы, экономиканы дамыту қарқынын төмендетпей, бүкіл процесті бақылауды ұстауымыз қажет, - деді өз сөзінде Президент.

Ел үкіметінің „Индустриаландыру картасы„ аясында әрбір жарты жылда атқарылған жұмыс туралы осындай телекөпір өткізу арқылы есеп беріп

Әбішұлы, 3 шілде күні біздің Қазақстан Магниткасы өзінің тұңғыш шойынын құйғанына 55 жыл толады, бұл іске сіз өзіңіз тікелей қатысқан болатынсыз, сондықтан сізді осы айтулы күнмен шын жүректен құттықтаймын. Біз Елбасының бір кездері Теміртауда тұрғанын, комбинатта еңбек еткенін мақтан тұтамыз. Металлургтер сізді үнемі қолдайды, еліміздің игілігі үшін осылай еңбек ете беріңіз, - деді „Арселор-Миттал Теміртау„ АҚ ардагер металлургі Тоқтархан Ысақов.

Бір сәт тарихқа көз жүгіртсек, 1960 жылы 3 шілдеде Қарағанды металлургия заводы өзінің тұңғыш шойынын алған болатын. Бұл күн еліміздегі қара металлургияның көшбасындағы „Қарметкомбинаттың„ туған күні болып есептеледі. Ардагер металлургтің сөзіне жауап ретінде Елбасымыз „АрселорМиттал Теміртау„ АҚ еңбек ұжымын және Қазақстан Магниткасының ардагерлерін



- Біз бүгін екі кәсіпорыды ашып отырмыз, олар үшін „Монокалаларды дамыту бағдарламасына сәйкес қаржы бөлінген. Енді міне, қиялдағы істің өмірдегі нақты көрінісін өз көзімізбен көріп



тұрмыз, демек мемлекет қаржысы мақсатты пайдаланып, тұрғындар игілігі үшін жұмсалған деуге толық негіз бар, - дейді қала әкімінің экономикалық мәселелер жөніндегі орынбасары Владимир Костюшин.

Айналаға зер салып қарасақ, «Ракета» деп аталатын демалыс орнында абаттандыру жұмыстары жүргізіліп, алғашқы келушілерге сақдай сай екен. Мұнда қолдан жасалған екі көлшік көз тартады, онда балықтың карп деген түрі бар, әрбір көлшіктің тереңдігі жеті метрдей. Ал олардың жанында келушілердің тынығуы үшін демалатын үйшіктер мен қонақүйлер бар. Орыс моншасына кірер жерде үлкен екі бөшке ерекшеленіп, назарды өзіне аударды.

- Бұл жапондықтардың жаны сүйетін фурапи деп аталатын монша, мұнда тұрғындар жылдың



Кәсіпкерлік

Бұған дейін талай рет жазғанымыздай, біздің құрыш қаламыз «Шағын қалаларды дамыту» мемлекеттік бағдарламасына еніп, соның негізінде көптеген игілікті іс-шаралардың атқарылуына республикалық бюджеттен қомақты қаржы бөлінуде. Былтырдың өзінде шағын және орта бизнесті дамыту мақсатында өз ісін ашып, кәсіпкерлікпен айналысқысы келетін қала тұрғындары «Бизнестің жол картасы» бағдарламасымен 20 миллион теңгенің грантын алды. Әрине, ол үшін жоба ұсынып, ол істің теміртаулықтар үшін қаншалықты қажеттігін арнайы комиссия көріп, содан соң ғана електен өткендері жеңімпаз деп танылып, мемлекеттің қайтарымызсыз қаражатына қол жеткізе алады. Әрбір өз ісін ашушыға үш миллион теңге көлемінде грант бөлінеді. Осындай грантқа ие болған жерлестеріміздің қатарында жапондық моншаны және хайуанаттар бағын ашуды ұсынған Андрей Яршов пен Надежда Брюхова да бар болатын.


Өткен аптада, яғни Астана күні қарсаңында олардың ашылуына орайластырылған тұсаукесер салтанаты болып өтті.

барлық мезгілінде келулеріне мүмкіндік бар. Ашық алаңда, таза ауада орналасқандықтан жұрттың қызығушылығы басым болары анық. Ал бөшкенің ішкі бөлігі кәдімгі табиғи қарағайдан жасалған. Арнайы жылытқыш орнатылған, сондықтан қақаған аязды күндері де қызмет көрсетуге қауқарлы, - дейді кәсіпкер Андрей Яршов.

Рас, мұндай шаруаны іске қосу үшін өз қалтасынан мұнан екі есе көп, яғни алты миллиондай теңге жұмсағанын айтады.

Мұнда Теміртаудың тарихында бұрын-соңды болмаған хайуанаттар бағының бой көтеруі де маңызды оқиға. Кіре берісте ешкілер жайылып жүр, сахара кемесі атанған қос өркешті түйелер мен бұзаулы сиыр да бар мұнда. Қолдан жасалған көлшікте үндіктер жүр, тіпті хамелеон мен қолтырауын да бар екен.

-Бұл ауылдың шағын хайуанаттар бағы болып саналады, негізгі мақсатымыз, өскелең ұрпақты табиғатты, жан-жануарларды сүйуге баулу, сол арқылы болашағымыз саналатын қала балаларын ауыл шаруашылығымен етене таныстыру. Бұдан былай мұнда түрлі танымдық ойындар, шеберлік сағаттары өтетін болады. Ол үшін әрине, біз ұзақ дайындалдық, сондықтан хайуанаттар бағының ашылуы біз үшін үлкен қуаныш,-



Өз ісін бастауды армандап жүрген ол мемлекеттік грант берілетінін естіп, қиялындағы істерін жүзеге асыру үшін жоба жасап, конкурсқа қатысқан. Нәтижесінде үш миллион теңге мемлекеттік грантқа қол жеткізіп, осы демалыс орнын ашып отыр.

дейді зообақтың жетекшісі Надежда Брюхова.

Хайуанаттар бағындағы жануарлар еліміздің әр түкпірінен, сонымен қатар көрші елдерден әкелініпті. Атап айтар болсақ, декоративті қояндар облысымыздан әкелінсе, түйе мен есек

Шағын хайуанаттар бағы ашылды



Балқаштан, ал сирек кездесетін үкі Ресейден алдырылған. Олардың әрбірін ветеринар мамандар тексерістен өткізіп, бақылап отырады.

Өткен жылдың күзінде мемлекеттен үш миллион теңге көлемінде грант алған кәсіпкер өз қалтасынан бір миллион теңге қосып, осы істі ашып отыр. Алдағы уақытта қала мектептерімен, аула клубтарымен, жастар орталықтарымен тығыз байланыс жасап, балалардың мұнда жиі келетініне үміттеніп отыр. Жуық арада бұл жерде шағын кафе мен жағажай ашуды да ойластырып қойыпты.

- Былтыр мемлекетіміз бұрнағы жылдағыдай 20 миллион теңге бөлген болатын, біз оны өз ісін енді ашқалы жүрген отбасыларға бөлдік, нәтижесін өздеріңіз көріп

отырсыздар. Бұл жұмыстар биыл да жалғасын тауып, тағы да «Бизнестің жол картасы» мемлекеттік бағдарламасы аясында жеті жобаны қаржыландыратын боламыз, ол үшін 17 миллион теңге салынған. Қазіргі кезде қала әкімінің тапсырмасына орай болашағы бар инновациялық жобалар таңдалады. Нәтижесінде қаламызда жаңа жұмыс орындары құрылады, - дейді кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық бөлімі бастығының міндетін атқарушы Самат Зияшев.

Осылайша, Астана күні қарсаңында қаламыздағы бұрынғы „Ракета“, лагерінің аумағында екі кәсіпорын ашылып, тұрғындарға есіктерін айқара ашты.

Руза АЛДАШЕВА



Форум

Жақында тұңғыш Президент тарихи-мәдени орталығында Елбасының «Мәңгілік ел» идеясын насихаттау мақсатында «Нұрлы көш» бағдарламасына арналған «Гүлдей жайна, Мәңгілік елім-Қазақстаным!» атты әдеби-сазды форум өтті. Оған қала әкімдігі мен қоғамдық ұйымдарының басшылары және шетелдерден атажұртқа оралған теміртаулықтар қатысты

-Тәуелсіздік жылдарында тарихи Отанына оралған қандастарымыздың бейімделуі, олардың мәдени-әлеуметтік мәселелерінің шешіліп, облыстың және қаламыздың өркендеуіне қосып жатқан



үлесін насихаттау, Елбасымыздың жүргізіп отырған ұлттық саясатын, халқымыздың тілін, дінін, сал-дәстүрін жаңғырту жолындағы ерен еңбегін дәріптеу мақсатында осы форумды өткізіп отырмыз, - дейді орталықтың ғылыми қызметкері Дәуірбек Кетебаев.

Гүлдей жайна, Мәңгілік елім-Қазақстаным!

Форум барысында Тұңғыш Президенттің тарихи-мәдени орталығының директоры Саида Саргизова, «Қазақстан-заман» халықаралық қоғамдық-саяси газетінің тілшісі Бағдал Ақынұлы, қалалық «Халықтар достығы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Ілияс Баймырзаев және басқа да бірқатар адамдар сөз сөйледі. Сонымен қатар тарихи Отанына оралған теміртаулық өнерпаздар орындаған әсем әндер мен тәтті күйлер қатысушылардың құлақ құрышын қандырды.


Сөз реті келгенде айта кетеріміз, теміртаулық оралмандар атынан тұңғыш Президент тарихи-мәдени орталығына Алматы облысы Есік қорғанынан табылған сақтар тайпасының алтын киімді сақ жауынгерінің мүрдесі, яғни Алтын адамның көшірмесі тарту етілді. Көшірме мүсіннің авторы Өзбекстан Республикасының Тамды ауданының тумасы Меңлікұлов Шарапат есімді азамат. Ол бұл мүсінді жасау жолында

аз уақыт еңбектенбеген, әуелі ізденіп, тарихи деректермен танысып, зерттеген. Шебердің қолынан шыққан мүсіннің биіктігі 160 сантиметр, ал салмағы 35 келідей. Нағыз шебердің қолынан шыққаны көрініп тұр, бұл сыйлықтың алатын орны ерекше.

Іс-шара соңында Атажұртына оралып, құрыш қалаға судай сіңіп, тастай батқан, сонымен қатар өзінің қажырлы еңбегімен әр саласының өркендеуіне лайықты үлес қосып жатқан қандастарымыз қала әкімі мен тұңғыш Президент тарихи-мәдени орталығының Құрмет грамоталарымен марапатталды.

Елордамыз - Астана күні қарсаңында ұйымдастырылған әдеби-сазды форум жоғары идеялық-саяси деңгейде өткізіліп, Елбасымыздың «Мәңгілік ел» идеясын қала тұрғындары, әсіресе атажұртқа оралған қандастарымыз арасында насихаттаудағы елеулі оқиға болды.

Өз тілшімізден



Халық тағдырымен тамырлас

Біз Елбасының жастық шағында бірге қызметтес болған үзеңгілестеріміз, Теміртауға деген көзқарасы, пейілі, достыққа деген беріктігінің өзі үлгі. Көрген сәттерде атымызды атап, амандық саулық сұрап, үнемі қарапайымдылықпен емен-жарқын әңгімелеседі. Президент Қазақстан Магниткасының 55 жылдығымен құттықтап, игі тілегін жеткізді. Осындай мерекелік көңіл-күйде жүрген бізді Елбасының жаңа кітабының жарыққа шыққандығы одан сайын мерейімізді үстем етті. Өйткені, Елбасының өмір жолының өзі талайларды болашаққа бастары сөзсіз. Мәңгілік Ел боламыз деп, әлемнің ең дамыған отыз елінің қатарынан ойып тұрып орын аламыз деп алдымызға биік мақсат пен асыл мұрат қойған шақта осы кітаптың жарыққа шығуы Елбасы өмірінің ел тағдырымен тамырлас, бірінен-бірін ажыратып қарауға болмайтын біртұтастығын көрсетеді. Еліміздегі бірлік пен береке, татулық пен келісім негізі де Президент жүргізіп келе жатқан сарабалд саясаттың нәтижесі.

Ілияс БАЙМҰРЗАЕВ,
„Халықтар достығы,, қоғамдық бірлестігінің төрағасы, комбинат ардагері

Оқиық, ой түйейік

Ел-жұрт Астана күнін лайықты атап өтуге дайындалып жатқан тұста тұңғыш Президенттің «Өмір өткелдері» атты сыр-сұхбат кітабының тұсауы кесілгені ерекше оқиға болды. Мұны бекер айтып отырғаным жоқ, ерекше болатын себебі, бұл кітап тәуелсіздікке қол жеткізген қазақ деген азат халықтың тағдыры десе де болғандай, онда бастан-аяқ еліміздің өткені мен бүгіні және болашаққа барар жолының шежіресі жатқандай. Осы тұрғыдан қарағанда, бұл кітаптың өскелең ұрпақ үшін үлкен мектеп, үлгі-өнегенің қайнар көзі болатыны анық.

Кітаптың алғысөзінде:

“Екі өркениеттің – Шығыс пен Батыстың қиюласқан жерінде, әлемнің екі бөлігінің – Азия мен Еуропаның тоғысқан тұсында, екі саяси жүйенің – тоталитаризм мен демократияның, екі экономикалық жүйенің – жоспар мен нарықтың от пен судай шарпысқан шағында шарболаттай шындалған, өзінің туған Қазақстанын бүкіл әлем танитын, құрметтейтін елге айналдырған тұлғаның тағылымды тағдыры қандай оқырман үшін де қызғылықты” деп жазылған. Олай болса, осы кітапты оқиық, тәлім алайық, ой түйейік, елімізді, Елбасымызды құрметтейік дегім келеді.

Ермек ТӨЛЕУБАЕВ,
комбинат ардагері

Құнды

құжаттар

Көрме

3 шілде күні Астана қаласында Қазақстан Республикасының Ұлттық мұрағаты және біздің шаһардағы тұңғыш Президент тарихи-мәдени орталығы бірлесе ұйымдастырған «Елбасы – елімнің тірегі, Астана – елімнің жүрегі» атты құжаттық көрме болып өтті.



Аталмыш іс-шараға Қазақстан Республикасының Ұлттық мұрағаты мен орталықтың бір топ қызметкерлері, Президенттің теміртаулық үзеңгілестері, тарихшы ғалымдар, сондай-ақ қоғам қайраткерлері мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Құжаттар көрмесіне Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының Қазақстан Магниткасында еңбек еткен жылдарына қатысты деректер мен Ұлттық мұрағаттың қорынан алынған 1993 жылдың 28 қаңтарында қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы сияқты мемлекетіміздің тәуелсіздік алған жылдарына қатысты көптеген маңызды құжаттар қойылды. Оларды тамашалап көрген жұртшылық еліміздің дамуы мен өркендеуі жолындағы бірқатар мәліметтермен танысып, таным көзжиектерін кеңейтті.

Іс-шараның ашылу рәсімінде аталмыш мекемелер басшылары жиналғандарды Астана күні

мерекесімен құттықтап сөз сөйледі. Іс-шара барысында Астана туралы әндер орындалып, өлеңдер оқылды.

-Мен де тағдырымды Теміртаудай металлургтер мекенімен тоғыстырып, сонда тұрақтап қалғанмын. Бойымызда қайратымыз тасып тұрған жастық шағымда құрыш қалаға комсомолдық жолдамамен келгендердің бірімін, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевпен сол кездерден бері таныспын. Бүгін сәті түсіп, Астанаға осы көрмені өткізуге қатысып отырмын, бұл мен үшін үлкен мәртебе, - дейді қаламыздағы „Халықтар достығы,, қоғамдық бірлестігінің төрағасы, комбинат ардагері Ілияс Баймұрзаев.

Аталған көрме астаналық арман қала қонақтарының көңілдерінен шыққаны анық.

Қуаныш ТЫНЫБЕК,
тұңғыш Президент тарихи-мәдени орталығының қызметкері

Баға

Үстіміздегі жылдың 1 маусымынан бастап электр қуатының құны өскенін тұрғындар жақсы біледі, енді таяу күндері — 1 тамыздан бастап ыстық және суық су бағасы өсуге тиіс. Әзірге тек кәріз жүйелері қызметі ғана бұрынғы қалпында сақталып тұр. Былтырғы желтоқсан айында коммуналдық қызметтердің бағасын көтеру жөнінде алғашқы тыңдаулар өте бастады. Әрине, бұл қалалықтардың тікелей қалтасына әсер ететін жағдай болғандықтан оған бей-жай қараған ешкім жоқ. Көптеген пікірлер, ұсыныстар, наразылықтар болды. Әсіресе тұрғындар тарапынан коммуналдық қызметтің сапасына, қолданыстарғы судың талапқа сай еместігіне байланысты көптеген сындар айтылды. Дегенмен қызмет беруші „Оқжетпес,, ЖШС тарифтың қымбаттауы үшін өздерінің уәждерін жанын сала жақтап бақты. Сапаны көтеру үшін қосымша қаражат керек, ал кәсіпорын онсыз да шығынға батып отырғанда сапаны түзету мүмкін емес. Сондықтан мамандар ең кем дегенде бес жылға тұрақты тариф белгілеуді ұсынған болатын. Қарағанды облысы бойынша табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау департаменті жаңа тарифтерді жария етті. Енді ауыз су орташа 21,5, ыстық су 4,5 пайыз, ал электр қуаты 5 пайыз қымбаттайтын болды.

„Оқжетпесте,, жаңа тарифтер

Ыстық, суық су 1 тамыздан, ал жылу 1 қазаннан бастап қымбаттайды

Өуелбаста „Оқжетпес,, ЖШС суық және ыстық су, жылу, электр қуаты қызметтерін 34-тен 249 пайызға дейін өсіруді сұраған болатын. Бірақ жоғарыда аталған аралық мемлекеттік мекеме бұл жерде қызмет берушіні де, тұтынушыны да жақсылап тыңдады, қаржылық жағдайды ескерді. Сондықтан осылайша бұрынғы бағаларды 5-21 пайыз аралығында көтеруге шешім қабылданды. Бұған әрине, қала тұрғындарының пікірлері, құнды ұсыныстары мен орынды сындары әсер етпей қойған жоқ.

-Коммуналдық қызметтің сұраған тарифі өте жоғары болды, біз бұны бірнеше қайта өткізілген басқосулар мен тыңдаулар барысында анық байқадық. Сондықтан осындай шешімге келдік, дегенмен қазіргі белгіленіп отырған тариф „Оқжетпестің,, барлық шығындарын өтеуге жете қояр ма екен, бұл да ойланарлық мәселе. Мемлекеттік орган ретінде біз екі жақтың да тепе-теңдігін қамтамасыз етуге тырыстық. Бұл жерде „қой да аман, қасқыр да тоқ болуы керек,, деген қазақи мәмілені ұстандық, - дейді департамент басшысы Асхат Жапсарбай.

Жаңа тарифтің әрбір отбасы-қызмет пайдаланушы қалтасына кәдімгідей салмақ салары анық, өйткені жалақы, табыс көлемі, зейнетақы және басқа да өтемақылар өспей, бағаның, тарифтердің қымбаттауы кімге де болса оңай соқпасы белгілі. Дегенмен, таяудағы бес жылға осылайша бес пайыздық өсім жасалуы бұл енді тұтынушылар үшін қалта көтерерлік жағдай деп есептеуге болады. Басқа аймақтарда коммуналдық қызмет бағасының жоғары екенін ескерсек, теміртаулықтарды бұл баға қанағаттандыруға тиіс. Тағы бір айта кетерлігі, ыстық және суық су, жылу есептегіштер қойған тұрғындар тариф өскен жағдайда да өздері пайдаланған қызмет үшін ғана ақы төлеу мүмкіндігіне ие. Сондықтан есептегіш құралдарды орнатудың маңызы зор. Әзірге пайдаланылған кәріз суларына баға бұрынғы қалпында қалып отыр, себебі оған 10-20 пайыз көлемінде өсім қосқанмен, бәрібір кәсіпорын жұмсаған шығын өтелмейді. Сондықтан бұл мәселені алдын-ала сараптау кеңесі арқылы нақтылап, заңдық, экономикалық жолдарын іздестіріп, тұрғындармен тағы да тыңдаулар өткізіп, содан кейін ғана тарифті өзгертуге болар деген жоба қарастырылуда.

Биыл тұтынушылар үшін жылу энергиясының әрбір гигакалориясы 6,6 пайыз өсті, яғни 1 қазаннан бастап осындай баға қолданылады. Әзірге әрбір шаршы метрдің қанша болатыны белгісіз. 2014 жылдан бастап коммуналдық қызмет жалпы үйлік жылу есептегіш құралдар орната бастаған еді. Алдын ала есептер бойынша мұндай есептегіштер бар үйлерде жылу құны бұрынғыдан 1 пайыз, ал есептегіш құралдары жоқ үйлер 10 пайыз көп төлейтін болады. Сондықтан биылғы 1 қазаннан бастап жылу оңайландырылған тарифпен есептелетін болады.

Серікгүл АЛТАЙБАЕВА





Оқырман байқаған шығар, менің монографиямның атауы мен Н.Ә.Назарбаевтың сайлаудан кейінгі алғашқы сөзінде үлкен ұқсастық жатыр. Бұл жай ғана сәйкестік пе? Меніңше, жаңадан сайланған Президентіміз менің еңбегімді оқып шығып,

ҚАЗАҚСТАН ТАҢДАУЫ: «2050» Стратегиясы. «Мәңгілік Ел». «Нұрлы Жол»

соның атауын қайталап тұрған жоқ. Өйткені, бұл кезде ол бұл кітаппен танысып үлгерген де жоқ еді. Демек, мен қарапайым қазақстандық азамат ретінде, ғалым ретінде Н.Ә.Назарбаевтың қалауын болжап білдім дей аламын. Ал мәселеге тереңірек үңілсек, онда сайлауға қатысқан отандастарымның 97,75 пайызы түгелдей дерлік Н.Ә.Назарбаевтың нені қалайтынын білді. Осы монографиямның алғашқы тарауы «Сүйер ұлын болса сен сүй, сүйінерге жарар ол» деп аталса, осындағы алғашқы мақаланың бас тақырыбы: «Н.Ә.Назарбаевтың болашаққа қажеттігі басымырақ» болған екен. Дәл осы мақаланың қорытындысында өз әріптестерім – қазақстандық ғалымдар тобының және отандастардың басым бөлігінің қалауы бойынша осы сайлауда Н.Ә.Назарбаев ерекше басымдықпен жеңіске жетеді деп қорытынды жасаған болатынмын. Мінеки, осы болжам өмір болмысымен толыққанды үйлесім тапты. Меніңше, Н.Ә.Назарбаевты сайлау қазақстандықтардың қалауы болса, бұл олардың Назарбаев ұсынған бағдарламаларды қолдағандықтарын білдіріп тұр. Бар ақиқат осы жерде ғана. Демек, мәселе Елбасы ұсынған бағдарламаларымыздың мән-мазмұнына тірелген. Мен «2050» Стратегиясы. «Мәңгілік Ел». «Нұрлы Жол» жайлы бұған дейін де «Егемен Қазақстан» газетінде бірнеше мақала жазып, газет тілшілеріне бірнеше сұхбат бергенмін. Онда айтылған пікірлерімді газеттің оқырмандары ұмытпаған шығар. Ал бұл жолы оған тоқталып жатпай, алда не істеледі, ол жұмыстардың қандай нәтижесі болады, «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын жүзеге асыру не үшін керек болды деген сұрақтарға жауап беруді мақсат тұттым. Сондықтан, айтар ойға бірден көшейік.

Егер егеменді еліміздің 24 жылдық тарихына көз жүгіртер болсақ, онда бір ақиқатты анық байқауға болады, ол – Н.Ә.Назарбаев қызметінің, Елбасы нұсқауымен жасалып жүзеге асырылған бағдарламалардың мазмұны сатылап өсу дегенді білдіреді. «Секіріс», «аттап өту» дегендер жоқ. Барлық реформалар өмір талабы, барлық бағдарламалар сатылап өсу жоспары. Реформалар бірін-бірі толықтырса, бағдарламалар бірінен соң бірі дамудың келесі және кезекті жолынан өтудің жоспары болып шықты. Айталық, «Қазақстанның 2030 жылдарға дейінгі даму бағдарламасы» негізінен табиғи байлыққа, шикізат қорына арқа сүйей отырып, ел экономикасын дамыту, халықты жұмыспен қамтамасыз ету

Нұрлы жол

Сәуір айының басында «Қазақстан таңдауы: «2050» Стратегиясы. «Мәңгілік Ел». «Нұрлы Жол» деп аталатын монографиям жарық көрді. Ал осы айдың 26-сы күні өткен бүкілхалықтық сайлауда Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев бәсекелестерін айқын басымдықпен жеңіп шықты. Сайлау қорытындысы бойынша құқығы барлардың 95 пайыздан астамы сайлауға қатынасқан екен. Осының 97,75 пайызы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты жақтап дауыс берген. Көңіл аударатын тұс – жеңімпаздың сайлау қорытындысын естігеннен кейінгі халықпен кездесуінде айтқан алғашқы сөзі. Ол былай деді: «Қазақстандықтар өз таңдауын жасады. Қазақстан таңдауы: «2050» Стратегиясы. «Мәңгілік Ел». «Нұрлы Жол». Мені президенттікке қайтадан сайлаған отандастарым осыны қалады деп ойлаймын».



мәселесін шешу, алдағы дамуларға баспалдақ жасау жоспары болып шықты. Бұл мерзімінен бұрын ойдағыдай орындалды. Қазақстан әлемдегі алдыңғы қатарлы 50 елдің сапына енді. Ескерте кетейік, қазір біздің тұғыр ол межеден әлдеқайда биікте. Осындай ауқымды мәселені шешіп алған Елбасы ішкі шаруаларды Үкіметке және жергілікті атқарушы билікке сеніп тапсыра отырып, дамудың бұдан кейінгі жолдарында аса шешуші қызмет атқаратын арналарды кеңейтуге басымдық берді. Айталық, посткеңестік аумақта ТМД деп аталатын халықаралық құрылымды өмірге әкелудің басы-қасында болды. Бұл құрылым «бет-бетіне түйе айдаған» жас мемлекеттердің билік басындағы серкелері ұстанған тайыз саясаттың салдарынан жанды қызмет істей алмады. Сол шақта Елбасы «Кеден одағы», содан соң «Еуразиялық экономикалық одақ» деп аталатын құрылымдардың өмірге келуіне ұйытқы болғаны да бір ғанибет. Бұл соңғылары айтарлықтай нәтиже бергенін өмірде нақты сезіндік.

Бір назар аударарлық тұс, дәл осындай құрылымды өмірге әкелу арқылы Н.Ә.Назарбаев болашақта шамамен 4 еседей молаятын Қазақстанның тауарлы өндірісіне өріс, яғни сатылатын базар тапты. Бір сөзбен айтсақ, Еуразиялық экономикалық одақ Қазақстанның 180 миллиондық тұтынушысы бар алып базардың белді ойыншысы болуына берік негіз жасады. Көреген Көшбасшы мұнымен қарап қалған жоқ. Арналарда әртараптандыру және кеңейту ұдайы назарда болды. Сол бағытта жасалған қыруар жұмыстардың арқасында ежелгі Ұлы Жібек жолы ХХІ ғасыр талабына сай қайта жаңғыртылып жатыр. Мұндағы мақсат – Қазақстан арқылы Қытай бастаған Оңтүстік-Шығыс Азия

елдерінің тауарлы өндірісшілерін Еуропаның тұтынушыларымен төте байланыстыру. Сондай-ақ, Еуропа өндірісшілері екі миллиардтық тұтынушысы бар Орталық және Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттеріне тауарын төте жолмен қысқа мерзімде жеткізетін болады.

Осындай кең арна, жазық даңғыл жұмыс істегенде Қазақстанның тауарлы өндірісі іркіліске ұшырауы мүмкін емес. Міне, алысты болжаған саясаттың көздеген мақсаты осы. Бір жағымызда алып Қытаймен, екінші жағымызда ежелгі көрші Ресей Федерациясы арқылы дамыған Еуропамен, үшінші жағымызда Үндістан, Иран арқылы Таяу Шығыс елдері және Африка құрлығымен түсіністік, экономикалық әріптестік жағдайында өмір сүрсек, онда даму әрқашанда баянды болмақ. Экономикалық қарым-қатынасты жолға қойып, одан пайда тауып отырған мемлекеттер мен халықтар бір-біріне оқ кезенбейді. Мінеки, ұлтымыздың көреген Көшбасшысы ұстанған саясаттың көкжиегі қайда жетелейтінін осыдан-ақ көруге болады.


«2050» Стратегиясы жарияланған сәтте-ақ мен бұл «мерзімінен бұрын орындалатын жоспар» деген тоқтам жасаған едім. Осынау болжамымды қазірдің өзінде әлемнің барлық сарапшылары қолдаған сыңайлы. Астанада өткен Экономикалық форумнан кейін оған қатынасушылар бірауыздан «Қазақстан мынадай жоспарымен әлемдегі дамыған 30 елдің сапында 2050 жылдан әлдеқайда бұрын тұрады» дегенді айтты. Өйткені, олар «2050» Стратегиясы. «Мәңгілік Ел». «Нұрлы Жол» бағдарламаларымен бұрыннан таныс-біліс болса, «5 институттық реформа» және осылардың бәрін жүзеге асыру үшін өмірге

енгізілетін «100 нақты қадам» Ұлт жоспарымен сол экономикалық форумның барысында танысты. «100 нақты қадам» Ұлт жоспарына шетелдіктердің қызыққаны соншалық, олардың кейбірі «Егер әлем мемлекеттерінде Н.Ә.Назарбаевтай Президент болса, адамзат бұдан әлдеқайда қарқындырақ дамыр еді» дегенді айтты. Оқырманға ескерте кетейін, шетелдіктердің бұл сөздерін мен басқа біреулердің аудармасы арқылы естіген жоқпын. Олармен ағылшын тілінде ауызба-ауыз сөйлесе жүріп, тыңдадым. Сырттан келген қонақтардың көбісі маған таныс және олар да мені білетін еді. Сол әріптестер «Н.Ә.Назарбаевтай Президенті бар және 100 нақты қадам секілді айқын жоспармен жұмыс істейтін Қазақстанның даму қарқыны жеделдей түседі» дегенді батыл сеніммен айтты. Қазақстан дамуы бұдан былай әлемді таңғалдырған Оңтүстік Шығыс Азия «барыстары» мен «арыстандары» бұған дейін жасаған даму қарқынынан әлдеқайда жоғары болатынына олар толық сенгендей. Өйткені, бізде жасалған жоспарлардың бәрі негізді.

Мақаланың басында айтып кеткенімдей, қазақстандықтар биылғы сайлауда осы жолды, қарқынды даму жолын, әлем жұртшылығымен бейбіт қатар өмір сүру жолын таңдап алды. Ал бұл жолдың авторы Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев болатын. Ал Н.Ә.Назарбаев әрқашанда өз қызметін жоспарлы жүргізетін және сол жоспарларын аяғына дейін жеткізетін Көшбасшы. Қазақстанның КСРО күйреуінен бүгінгідей қарқынды дамушы және әлем қызығатын мемлекетке қысқа мерзімде айналып шығуы Елбасымыздың осындай қасиетінің нақты өміріміздегі көрінісін паш етеді. Ендеше, біз әрқашанда Қазақстан таңдауы қол жететін игілік деп ойлауға тиістіміз.

Н.Ә.Назарбаев әрқашанда өзі авторы болған бағдарламалардың іркіліссіз жүзеге асырылуы үшін қолдан келгеннің бәрін жасайды. Өз басым соңғы кездері қолға алынып жатқан «100 нақты қадам» бағдарламасын осындай бір игілікті іс деп білемін. Ақиқатқа тура қарау ешқашан да адастырмайды. Олай болса, 2007 жылғы тамызда АҚШ ипотекалық жүйесінде басталып әлемге тұмаудай тараған қаржы-экономикалық дағдарыстың әлі де айылын жимай тұрғанын мойындауға тиіспіз. Бір ескеретін тұс – Елбасымыз жағдайдың осылай орайласатынын күні бұрын білгендей қызмет істегендігі. 2008 жылдың өзінде-ақ Қазақстан Президенті «Шикізатқа, мұнай долларларына қараған күннің неге жеткізетіні белгілі болды. Енді біз экономикамызды қайта құрылымдап, қосымша құны мол тауарлы өндіріс жасайтын индустриялы елге айналуға тиіспіз» дегенді айтқан еді. Сонан соң «2010-2020 жылдарға дейінгі кезеңге арналған индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы жасалып іске қосылды.

Мемлекеттің дамуы мен мұндағы дамудың тежелуі көп жағдайда адам факторына тікелей



қатысты. Мемлекеттік қызметте сынақтан өткендер ғана отыра алды. Сөйтіп, аш-жалаңаш мемлекет қысқа мерзім ішінде адамзат көшінің алдына шықты. Міне, осы тұста мемлекеттің жоғарғы билігінде «пәс көңілділік» сезім пайда болды. «Жоспар қуушылық» деген кесеп өмірімізден орын алып, ол «көз бояушылыққа» апарды. Мұның бәріне жауапты жоғары партиялық элита еді. Егер жоғары партиялық элитаның «Жоғары партия мектебі» деп аталатын білім беру ордасы жұмысын дұрыс істеген болса, онда держава тарқамас еді. Тіпті, держава тарқады дегеннің өзінде сол мектепті бітіргендердің бір тобы кезінде атеистік тақырыпта лекция оқып, енді мешіттерде намазға жығылып жүрмес еді. Мінеки, мемлекеттік кадр саясатында, кадрлардың қызметіне сай білімді болуына орай таңдау кезінде осындай олқылықтар орын алмаса, бәлкім, әлеуметшіл қоғамның ғұмыры әлдеқайда ұзақ болатынын осыдан-ақ көруге тиіспіз.

Өз басым Н.Ә.Назарбаев 100 нақты қадам жоспарын жасау кезінде мемлекеттік қызметкерлерді іріктеу және оларды ұдайы оқыту ісіне ерекше маңыз берсе, ол осындай өмірімізде болған кереғарлықты ескергендіктің белгісі деп ойлаймын. Иә, әрқашанда мемлекеттік қызметке, мемлекеттік қызметтің жоғары сатысына нағыз лайықтылар орналасуы тиіс. Егер тарихқа үңіле түссек, онда мемлекеттік билік білімге маңыз бергенде өркендеу, ал оған теріс қарағанда кері кету болғанын дәлелдейтін деректерді көптеп кездестіре аламыз. Айталық, бүгінгі Ирак, Иран жерінде кезінде адамзаттың гүлденген алғашқы мемлекеттері Ассирия мен Вавилон империялары өмір сүрген. Бұл жерде Ашурбанипал, Навуходоносор секілді көреген көшбасшылар патшалық құрған тұста адамзаттың алғашқы әліпбиі жасалған. Бұл жерде осы патшалар тұсында әлемнің жеті кереметінің бірі «Семирамида бақтары» жайқалған. Аспанда ілулі тұрған мұндай бақты жасау үшін бұл патшалықтың инженерлік ғылымы қандай болды деген сұрақтың жауабын енді өзіңіз берерсіз. Сондай-ақ, ежелгі дамыған грек империясына патшалық еткен Александр Македонскийдің ұстазы адамзаттың данышпаны Аристотель болғанын білеміз. Ал Александрия кітапханасының жетекшісі бұл мемлекетте патшадан кейінгі екінші тұлға саналған. Өйткені, тақ мұрагері мен патшалық элитасындағы қызметкерлерді даярлауға сол басшылық жасаған. Мінеки, тарих бізге осындай нақты мәліметтер беріп тұрғанда біз ұлтымыздың Көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев ел дамуында дұрыс жолды таңдап алған деген жүрек сөзін нық сеніммен айта аламыз.

Сағындық САТЫБАЛДИН, экономика ғылымдарының докторы, академик

13 шілде - 19 шілде

13 шілде, дүйсенбі

 ҚАЗАҚСТАН

07.00 «Таңшолпан»
10.00 Апта
11.05,21.05 Айтуға оңай
11.45,19.30 Телесериал
12.30, 17.30, 20.30, 23.40, 03.00 Жаңалықтар
12.45 Еңбек түбі - береке
12.45,01.40 Дауа
13.20 Білгірлер бәйгесі
14.10 «Ақсауыт»
14.50 Мультсериал
15.05 «Әйел бақыты»
16.10,22.40 «Келін» Т/с
17.00 Док. фильм
17.50 «Жанында жүр жақсы адам» Д/ф
18.25 Бапкер
19.10 Қазақстан шетелдіктер көзімен
21.50 Телесериал
23.40 Шетелдегі қазақ балалары
00.55 Көкпар
02.30 Мәлім де беймәлім Қазақстан

ХАБАР

07.00 Айтұмар
08.30 Аймақтар алааманы
10.00 Жеті күн
11.00,00.20 Драма
11.35 Мен көрген соғыс
11.30 Магия кухни
12.00 Мультфильм
12.20 Подари детям жизнь
12.25,12.35 Мультсериал
13.00,17.00,20.00,00.00 Жаңалықтар
13.15 Док. фильм
14.00 Телесериал
15.00,18.00,21.00,00.30 Новости
15.15,23.35 «Бұйымтай»
15.55 Драма
16.25 Телесериал
17.15 Нүкте
18.10 Телесериал
19.00 ТВ Бинго
20.30 Арнайы хабар
21.30 Телесериал
22.00 Телесериал
23.10 Жекпе-жек

ЕУРАЗИЯ

06.00 Телесериал
06.50 Жаңалықтар
07.00 Доброе утро
11.00 Телесериал
12.00 Худ. фильм
13.00 Телесериал
13.50,20.40 Телесериал
14.35 Ашығын айтқанда
15.40 Судебные истории
16.45 Давай поженимся!
17.50 Пусть говорят
18.55 Телесериал
20.40 Телесериал
03.30 Контрольная закупка

5 КАНАЛ

06.30-09.30 «Таңертеңгілік «5-арнада»
13.00 Вести-недели
06.40,07.10,08.45 «Дәмдес болайық»
07.00 Апта репортажы
07.50,14.35,18.00,22.40 Рекламный визит
08.15 Наши дети
08.20 Время творить
13.00 Вести недели
14.45 Жақсылардан ғибрат
15.05 Док. фильм
16.15 «Диалоги о животных»
17.10 Сам себе режиссер
17.30,02.30 Деректі фильм
18.10 5 арнадағы ән-әуен
19.00 Ваш день
19.35,21.40 Шарайна
20.00,22.00 Новости
21.00 Будем здоровы
21.25 Военная программа
22.50 Худ. фильм

ҚАЗАҚСТАН-ҚАРАҒАНДЫ

07.00,10.00,13.00 Апта
08.10 Әсем әуен
08.50 Док. фильм
11.05 Бумеранг
11.45 Күлегеш
12.00 Телесериал
13.00,17.50,22.00 Жаңалықтар-Новости
18.30 2050
19.00 Ойталқы
19.35 Руханият
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.45,22.45 Уақыт. Кз
21.10 Телесериал
23.10 Кино

14 шілде, сейсенбі

 ҚАЗАҚСТАН

07.00 «Таңшолпан»
10.00,21.50 Телесериал
10.55,21.05 Айтуға оңай...
11.40,19.30 Телесериал
12.30, 17.30, 20.30, 23.40, 02.45 Жаңалықтар
12.45 Спорт
13.10 «Алаң»
14.00,00.50 Сыр-сұхбат
15.05 Әйел бақыты
16.10,22.40 «Келін» Т/с
17.00,02.40 Келбет
17.25 Еңбек түбі – береке
17.50 Док. фильм
18.25 «Бапкер»
19.05 Қылмыс пен жаза
23.40 Шетелдегі қазақ балалары
00.30 Футбол

ХАБАР

07.00 Айтұмар
08.30 Аймақтар алааманы
10.00,13.00,17.00,20.00,23.30,01.00 Жаңалықтар
10.10,21.30 Телесериал
11.00,15.00,18.00,21.00,00.00 Новости
11.15,00.05 Драма
11.45 Магия кухни
12.20 Подари детям жизнь
12.25,12.35 Мультсериал
13.15 Док. фильм
14.00 Телесериал
15.15,23.20 «Бұйымтай»
15.55 Драма
16.30 Телесериал
17.15 Нүкте
17.45 «Экономкласс»
18.15 Телесериал
19.00 Біздің үй
20.30 Бюро расследований
22.15 Телесериал
23.00 «Арнайы хабар»

ЕУРАЗИЯ

06.00,19.00 Телесериал
06.50 Жаңалықтар
07.00 Доброе утро
11.00 Телесериал
12.00 Худ. Фильм
12.55,20.40 Телесериал
13.45,22.20 Телесериал
14.35,02.20 Ашығын айтқанда
15.40 Судебные истории
16.55 Давай поженимся!
17.50 Пусть говорят
18.55 Телесериал
23.50 Телесериал

5 КАНАЛ

06.30 Таңертеңгілік «5-арнада»
06.30,20.40 Вести-Россия
07.00,19.30,21.40 Шарайна
07.35 Дәмдес болайық
07.50,14.35, 18.00, 22.40 Рекламный визит
08.00,13.00 Новости
08.30 «Наши дети»
14.15,17.45 Азия айнасы
14.35 «Прямой эфир»
16.00 «Сау болайық»
16.10 Телесериал
17.00 «Менің шындығым»
18.10 5-арнадағы ән-әуен + TV – ЧАТ
18.30 В ритме нашего города
19.00 Ваш день
21.05 Док. фильм
22.50 Худ. фильм
01.00 Әуенді Қазақстан + TV – ЧАТ
02.30 Док. фильм

ҚАЗАҚСТАН-ҚАРАҒАНДЫ

07.00, 10.00, 13.00, 17.50, 20.00, 22.00 Жаңалықтар-Новости
07.55, 13.20 Әсем әуен
08.55 Док. фильм
10.45. 20.45, 22.45 Уақыт.kz
11.10 «Обсудим»
11.40 Ғибрат
12.00 Телесериал
18.30 Жеңіс солдатты
18.50 Мәңгілік мұра
19.00 «Эхо»
19.30 Тарих тағлымы
21.00 Телесериал
23.10 Кино

15 шілде, сәрсенбі

 ҚАЗАҚСТАН

07.00 «Таңшолпан»
10.00,21.50 Телесериал
10.55,21.05 Айтуға оңай
11.40,19.30 Телесериал
12.30,17.30,20.30,00.00,03.00 Жаңалықтар
12.45 Қылмыс пен жаза
14.00 Поэзия әлемі
13.40 Ғасырлар үні
14.15 Ғажайыпстанға саяхат
14.25 Мультфильм
15.05 «Әйел бақыты»
16.10,22.40 Келін» Т/с
17.00 Док. фильм
17.25 Еңбек түбі – береке
17.50 Док. фильм
18.10 Телесериал
19.10 «Дүниежүзілік сауда ұйымына мүшелік»
23.40 Шетелдегі қазақ балалары
02.30 Телесериал

ХАБАР

07.00 Айтұмар
08.30 Аймақтар алааманы
08.00 Жаңа күн
10.00, 13.00, 17.00, 20.00,00.00,01.30 Жаңалықтар
10.10,21.30 Телесериал
11.00,15.00,18.00,21.00,00.30 Новости
11.15,00.35 Драма
11.45 Магия кухни
12.25 Подари детям жизнь
13.15 Док. фильм
14.00 Телесериал
15.15,23.50 «Бұйымтай»
16.00 Телесериал
15.15,00.00 Бұйымтай
16.00 Драма
16.30 Телесериал
17.15 Нүкте
18.15 Телесериал
19.15,23.10 Біздің үй
20.30 100 бизнес- истории
22.00 Телесериал

ЕУРАЗИЯ

06.00,19.00 Телесериал
06.50 Жаңалықтар
07.00 Доброе утро
11.00 Худ. Фильм
11.55 Худ. Фильм
13.45,20.40 Телесериал
14.35,22.20 Телесериал
14.35,02.20 Ашығын айтқанда
15.30 112
15.40 Судебные истории
16.55 Давай поженимся!
17.50 Пусть говорят
18.55 Телесериал
20.00 Новости
23.45 Телесериал

5 КАНАЛ

06.30,20.40 Вести-Россия
07.00,10.00,19.35,21.35 Шарайна
07.35 Дәмдес болайық
08.00,13.00 Новости
08.30 Наши дети
08.35 Время творить
14.15 Эколайф
14.35 Прямой эфир
16.10 Телесериал
17.00 Азия айнасы
17.45 Моя Караганда
19.00 Ваш день
21.05 «Моя планета»
22.50 Худ. фильм

ҚАЗАҚСТАН-ҚАРАҒАНДЫ

07.00,10.00,13.00,17.50,22.00 Жаңалықтар-Новости
08.55 Док. фильм
09.45 Мультфильм
10.45 Уақыт.кз
11.05 «Эхо»
11.35 Тарих тағлымы
12.00 Телесериал
18.30 Арена
19.00 Прямой эфир
19.35 2050
21.00 Телесериал
23.00 Кино

16 шілде, бейсенбі

 ҚАЗАҚСТАН

07.00 «Таңшолпан»
10.00,21.50 Телесериал
10.50,21.05 Айтуға оңай...
11.35,19.35 Телесериал
12.30,17.30,20.30,00.00,03.00 Жаңалықтар
12.45,03.35 Агробизнес
13.10 «Дүниежүзілік сауда ұйымына мүшелік»
13.35,03.30 Сіз не дейсіз?
14.10 Жан жылуы
15.05 «Әйел бақыты»
16.10,22.40 «Келін» Т/с
17.00,02.10 Шетелдегі қазақ балалары
17.25 Еңбек түбі – береке
17.50 Док. фильм
18.25 Телесериал
19.10 Индустрияландыру
01.25 Мәлім де беймәлім Қазақстан

ХАБАР

07.00 Айтұмар
08.30 Аймақтар алааманы
10.00,13.00,17.00,20.00,00.00 Жаңалықтар
10.10,21.30 Телесериал
11.00,15.00,18.00,21.00,00.30 Новости
11.15 Драма
11.45 Магия кухни
12.20 Подари детям жизнь
13.15 Док. фильм
14.00 Телесериал
15.15,23.40 Бұйымтай
16.00 Драма
16.30 Телесериал
17.15 Нүкте
17.50 Бизнес сыры
18.15 Драма
18.15 Телесериал
19.10 Жекпе-жек
20.30 Сильные духом
22.10 Телесериал
23.00 Біздің үй

ЕУРАЗИЯ

06.00 Телесериал
06.50 Жаңалықтар
07.00 Доброе утро
11.00 Худ. фильм
12.00 Худ. Фильм
12.55,20.40 Телесериал
13.45,22.20 Телесериал
14.35,02.20 Ашығын айтқанда
15.30 112
15.40 Судебные истории
16.40 Давай поженимся
17.50 Пусть говорят
18.55 Телесериал
23.45 Телесериал
03.30 Контрольная закупка

5 КАНАЛ

06.30,20.30 Вести-Россия
07.00 Шарайна
07.35 «Дәмдес болайық»
08.00,13.00,20.00,22.00 Новости
14.00,17.45 Азия айнасы
14.35 Прямой эфир
15.40 Будем здоровы
15.50 «Жақсылардан ғибрат»
15.35 Телесериал
17.00 Менің шындығым
19.00 Ваш день
21.05 Моя планета
22.40 Худ. Фильм
00.25 Әуенді Қазақстан

ҚАЗАҚСТАН-ҚАРАҒАНДЫ

10.00, 13.00, 17.50, 20.00, 22.00 Жаңалықтар-Новости
08.55 Док. фильм
11.05 Прямой эфир
11.40 2050
12.00 Телесериал
18.30 «ДАТ»
19.00 Ас болсын!
19.35 Заң және заман
21.00 Телесериал
23.10 Телесериал

13 шілде - 19 шілде

17 шілде, жұма

ҚАЗАҚСТАН

07.00 «Таңшолпан»
10.00 Телесериал
10.55 Айтуға оңай...
11.40,19.35 Телесериал
12.30,17.30,20.30,00.30,03.00 Жаңалықтар
12.40 Иман айнасы
13.05 Индустрияландыру
13.25 Көкпар
14.10 Баламен бетпе-бет
15.05 Әйел бақыты
16.10,22.40 «Келін»
17.05 Жан жылуы
17.25 Еңбек түбі – береке
17.50 Док. фильм
18.10 Ғасырлар үні
18.40 Жайдарман
21.50 Шын жүректен!
23.40 Шетелдегі қазақ балалары
00.35 Худ.фильм

ХАБАР

07.00 Айтұмар
08.30 Аймақтар аламаны
10.00,13.00,17.00,20.00,01.00,02.30 Жаңалықтар
10.10 Телесериал
11.00,15.00,18.00,21.00,01.30 Новости
11.15 Драма
11.45 Магия кухни
12.20 Подари детям жизнь
13.15 Док. фильм
13.55 Телесериал
15.15 «Бұйымтай»
16.00 Драма
18.30 Ұлт саулығы
17.15 Бармысың, бауырым?
18.15 Телесериал
19.10 Ойжүйрік
20.30 Док. фильм
21.30 Худ. Фильм
23.20 Кино

ЕУРАЗИЯ

06.00,19.00 Телесериал
06.50 Жаңалықтар
07.00 Доброе утро
11.00 Худ. фильм
12.00 Худ. Фильм
12.55,20.40 Телесериал
12.55,20.40 Телесериал
13.45,22.20 Телесериал
14.35 Жұма уағызы
14.50 «Қылмыстық іс №»
15.30 112
15.40 Худ. фильм
17.40 «Жди меня»
18.50 Поле чудес
23.50 Три аккорда

5 КАНАЛ

06.30,20.55 Вести-Россия
07.00,10.00,19.35,21.35 Шарайна
07.35,08.40 Дәмдес болайық
08.00,20.00,22.00 Новости
08.30 Наши дети
08.35 Время творить
14.00 Эколайф
14.35 Прямой эфир
16.10 Телесериал
17.00 Жастар
17.30 Ғажайып адам
18.10 Ислам: Сауалдар мен жауаптар
19.00 Ваш день
20.40 Моя караганда
21.25 Комната смеха
22.50 Док. фильм
23.45 Әуенді Қазақстан + TV – ЧАТ

ҚАЗАҚСТАН-ҚАРАҒАНДЫ

07.00,10.00,13.00,17.50,22.00 Жаңалықтар
08.55 Док. Фильм
11.05 Ас болсын!
11.40 «ДАТ»
12.00 Телесериал
18.30 Ғибрат
19.00 Қуырмаш
19.35 Шеберхана
21.00 Телесериал
23.10 Кино

18 шілде, сенбі

ҚАЗАҚСТАН

07.00 Концерт
08.10 Қымызхана
09.00 «Субботалық ТАҢ»
10.05,02.40 Дауа
10.40 Док. фильм
11.50 Ұлттық шоу
13.00 Білгірлер бәйгесі
13.45 Поэзия әлемі
14.15,00.35 Худ. Фильм
16.00 Концерт
17.30,20.30,00.30,03.15 Жаңалықтар
17.50 Қазақстан би әлемі
18.10 Телесериал
21.00 Субботалық кездесу
22.35 Жайдарман

ХАБАР

07.05 Қалжың қоржыны
09.00 Бармысың, бауырым!
09.45 Продвопрос
10.05 Спорт без границ
11.55 Кино
14.15 Тур де Хабар
14.50 Жұлдызды дода
16.30 Кино
18.05 Нұрғиса Тілендиевтің 90-жылдығына арналған «Жүрегім менің» атты кеш
19.50 Бенефис шоу
21.05 Док. фильм
21.25 Худ. Фильм
23.35 Телесериал
00.35 Кино
01.35 Худ. фильм

ЕУРАЗИЯ

06.00 Телесериал
08.00 Таңғы пошта
08.50,21.30 Жаңалықтар
09.00 Новости
09.10 Смак
09.45 Худ. Фильм
11.40 Фабрика грез
12.05,01.45 Ду қол шоколад
13.00 Караоке такси
13.30, 101 кеңес
14.50 Угадай мелодию
16.40 Худ. Фильм
20.00 Первая программа
20.35 Кино
21.30 Кешкі кездесу
23.30 Ән-дария
00.15 Худ. Фильм
02.00 Большая разница

5 КАНАЛ

10.05 Шарайна
11.00 Моя караганда
11.15 Мәңгілік тіл
11.40 «Нольден бастап»
11.55 Ислам: сауалдар мен жауаптар
12.30 Қазақ тілін үйренейік
13.00 Мусульмане
13.15, 18.20, 22.40 Рекламный визит
13.25 Субботник
14.00 «Будем здоровы»
14.20 Кино
15.00 Специальный корреспондент
16.40 Концерт
18.30 5-арнадағы ән-әуен
19.00 Ваш день
19.30 Городок
20.00 Апта репортажы
20.20,22.30 Худ. фильм
23.45 Әуенді Қазақстан
02.30 Док. фильм

ҚАЗАҚСТАН-ҚАРАҒАНДЫ

09.00 Әсем әуен
10.00,13.00 Жаңалықтар-Новости
11.10 Сіз қайда жүрсіз?
14.00 «Құстар әні». Нұрғиса Тілендиевтің шығармашылығына арналған концерт
16.00 Худ. Фильм
18.00 Қуырмаш
18.35 2050
19.00 Эхо
19.30 ДАТ
19.50 Мәңгілік мұра
20.00 Жайдарман Қарағанды
21.05 Сөнбес сәуле
21.30 Док. фильм
22.05 Худ. фильм

19 шілде, жексенбі

ҚАЗАҚСТАН

07.00 Концерт
08.00 Қымызхана
08.30 Ақсауыт
09.00 Бүгін Воскресенье
10.30 Баламен бетпе-бет
10.50 Шетелдегі қазақ балалары
12.45 Концерт
13.45 Келбет
14.15,02.30 Телесериал
16.40 Тағзым
17.05 Концерт
19.10 Әзіл әлемі
20.00, 00.00 АПТА.KZ
21.05 Ұлттық шоу
22.15 «Алаң»
23.15 Худ. Фильм
00.55 Көкпар
01.40 Келбет
03.10 Алаң
03.55 Телесериал

ХАБАР

07.05,02.30 Қалжың қоржыны
08.30 Айбын
09.00,10.00 Жеті күн
10.00 Ас арқау
10.20,03.20 Спорт әлемі
11.00 Сказка
14.00 Бенефис-шоу
15.15 Кино
17.50 Концерт
19.35 Ду-думан
20.45 Худ.фильм
22.35 Кино
00.15 Телесериал
02.05 Худ. фильм

ЕУРАЗИЯ


06.00 Жаңалықтар
06.35,04.40 Контрольная закупка
07.00,03.50 Телесериал
07.50,03.50 телесериал
08.35 Жаңалықтар
08.45 «Воскресные беседы»
09.00 Новости
09.10 Здоровье
10.10 «Казлото»
10.45 «Идеальный ремонт»
11.55 «Кешкі кездесу»
13.05 Караоке такси
13.40,03.15 101 кеңес
14.05 «Ән дария»
15.05 Кино
16.50 Телесериал
21.00 Аналитика
23.05 Точь-в-точь

5 КАНАЛ

10.00 Шарайна
10.20 Моя караганда
10.35 Жақсылардан ғибрат
10.55 Азия айнасы
11.35 Время творить
12.00 Утренняя почта
12.30, 17.30, 22.20 Рекламный Визит
12.40 Сто к одному
13.30 Один в один!
16.15 Док. фильм
17.00 Мир православной духовности
17.40, 21.55 Прогноз погоды
17.45 «Сайгез»
18.15 5-арнадағы ән-әуен + TV-ЧАТ
19.00 Ваш день
19.30 Честный детектив
20.00 Худ. Фильм
21.50 «Сау болайық!»
22.05 Худ. фильм
23.50 «Әуенді Қазақстан» +TV-ЧАТ
02.30 Деректі фильм

ҚАЗАҚСТАН-ҚАРАҒАНДЫ

10.10 Мультфильм
11.20 Жайдарман Қарағанды
12.25 Худ. Фильм
14.05 Концерт
16.00 Худ. Фильм
18.00 Ас болсын!
18.35 Заң және заман
19.00 Апта
20.00 Обсудим
20.35 Жеңіс солдаты
21.00 Сөнбес сәуле
21.20 Док. фильм
22.00 Худ. Фильм



Біздің қаламыздың жалынды жастары өздерінің азаматтық көзқарастарының белсенділігімен ерекше көзге түсумен келеді. Бұл артық айтқандық емес, олай болса нақты мысалға көшейік. Жас құтқарушылардан тұратын теміртаулық команда бұған дейін де халықаралық

жарыстардан олжалы оралып, қаланың ғана емес, республиканың намысын қорғап, көк байрақты желбіреткен еді. Жақында әзербайжан халқының перзенті, ұлт көшбасшысы Гейдар Алиевтың туғанына 90 жыл толуына орай сол елдің Габала қаласында өткізілетін халықаралық жарысқа біздің өрендер аттанып кетті.


„Жас құтқарушылар„ командасының құрамында 13 пен 17 жас аралығындағы балалар бар,бұған дейін де халықаралық жарыстарда танылып үлгерген теміртаулық команданы Азербайжанның Төтенше жағдайлар министрлігі арнайы шақырған. Теміртаулық команда құрамында жеті жеткіншек бар, барлығы өздеріне жүктелген міндетті мінсіз атқаратындарына нық сенімді. Дайындықтары да жақсы, баршасын облыстық Төтенше жағдайлар департаментінде жаттықтырып, ақыл-кеңес беріп, тәжірибелерін шыңдаған. Енді олар Теміртаудың атынан ғана емес, еліміздің атынан жарысқа қатысады. Сондықтан артылған сенім мен күтетін үміт те зор.

Рас, құтқару қызметінің сан-саласы бар, атап айтқанда судан құтқару, өрт қауіпсіздігі, жедел-құтқару қызметі секілді, осы салаларды меңгеріп, әбден машыктанған өрендерді өткен аптада салтанатпен шығарып салу рәсімі болып өтті.

- Бұған дейін де мұндай жарыстарға қатысып, әбден ысылған, әрбір қадамдарына асқан жауапкершілікпен және шеберлікпен қарайтын команданың бұл жолы да жеңіспен оралатынына сеніміміз мол, олай болса, ақ жол, - дейді қалалық Төтенше жағдайлар басқармасының басшысы Арман Алпысбаев.

Сөз реті келгенде айтарымыз, команда құрамындағы балалардың баршасы „Киндердорф„ балалар үйінің тәрбиеленушілері. Олар сабақтарын жақсы оқып, қоғамдық жұмыстарға белсене араласып жүрген белсенді жастар. Сондықтан жақын күндері сүйінші хабардың жетуін асыға күтіп, біз де жас құтқарушыларға сәттілік тілейміз.

Өз тілшімізден



Отбасылық құндылық

Металлургтер күні қарсаңында қаламыздағы тарихи-өлкетану мұражайы қазақ металл заводы, Қарағанды металлургия комбинаты кәсіпорындарында еңбек жолын бастап, қазір де ұрпақтары „АрселорМиттал Теміртау„ АҚ өндірісінде жұмыс істеп жатқан металлургтер әулеттері туралы жәдігерлер жинақтап, үлкен көрме жасады. „Ұрпақтардың жіпсіз байланысы„ жобасы аясында Қазақстан Магниткасының 55 жылдығы қарсаңында бұл жолы төрт әулет туралы құнды деректермен танысуға болады. Олардың жалпы осы саладағы әулеттік жұмыс өтілдері жүз алты жылдан үш жүз қырық екі жылға дейін жетіп отыр. Бұл цифрлар бір емес, бірнеше ұрпақтың өмірі дәл осы темір өндірісімен тікелей байланыста үздіксіз жалғасып келе жатқанын көрсетеді. Жалпы қазіргі таңда „АрселорМиттал Теміртау„ АҚ өндірісінде 440 еңбекшілер әулеті болса, олардың қатарында екі мыңға жуық адам бар.

жеткенде басқа жұмыс туралы әңгіме қозғаудың өзі артық сияқты көрінді. Өйткені біздің үйде тек завод, тек металл құю жөнінде ғана әңгіме айтылатын-ды. Сондықтан мен де әкемнің ықпалымен прокат цехына бақылаушы болып еңбек жолымды бастадым. Басында «уақытша жұмыс істермін, кейін басқа мамандыққа оқимын» деген ой болған, бірақ металлургия мені өзіне біржола қаратып алды. Қазір осы салада жұмыс істегеніме 36 жыл болып отыр. Анам да осында 20 жыл еңбек етті. Әкеміз болат балқытты, ал анам оларды тасымалдайтын механизммен жұмыс істеді. Жалпы біздің Кусковтар отбасы үшін темір қорытудан артық жұмыс жоқ, біз осыны мақтан етеміз, - дейді Ольга Кускова. Мамандық таңдауға әркім

Металлургтер әулеті

Солардың бірі отбасылық еңбек өтілімі 170 жылға жеткен Көкеновтер жанұясы. Осыдан жетпіс жыл бұрын Самарқанд кентінде еліміздегі тұңғыш қара металлургия негізі қаланды, ол кез Ұлы Отан соғысының сұрапыл жылдары майданға оқ-дәрі қажет еді. Сондықтан тез арада өндірісті іске қосып, қазақ металлургия заводын ұлттық кадрлармен қамтамасыз ету шарасына екі мыңнан аса жергілікті қазақ жігіттері тартылды. Солардың қатарында Ақмола облысының тумасы Сұлтан Көкенов те болды. Ол жеті жылдық мектепті бітіргеннен кейін еңбек армиясына тіркеліп, Оралға болат балқытушы мамандығын оқуға жіберілген. Ол кезде Самарқанд кентіндегі қазақ металлургия заводының құрылысы аяқталып қалған-ды. Ол келе іске кірісіп, 1944 жылдың 31 желтоқсанында тұңғыш Қазақстан болатының балқымасын алуға қатысты. Бұл бір жағынан мақтанышты іс болса да, қиындығы мол еді. Ол кезде жұмыстың бәрі тек қол күшімен атқарылатын. Тұңғыш қазақ металын ел кәдесіне жаратуға асыққан жігерлі жастар қиындықтан мойыған жоқ. Сұлтан Көкенов қазақ заводында 1964 жылға дейін жұмыс істеп, кейін №1 жаңа мартен пешіне ауысады. Ол өте тәжірибелі және алғыр жан болатын, жаңа жабдықты да аз уақытта еркін меңгеріп алды. Сөйтіп, шойын қорыту уақытын қысқартуға, сапаны жақсартуға өзіндік үлес қосты. Небәрі 47 жыл ғана өмір сүріп, өзінің ісіне берілгендігі, әріптестеріне сыйлылығы арқасында достарының есінде сақталған Сұлтан Көкенов Ленин, Октябрь революциясы, Еңбек Қызыл ту ордендері сияқты ең жоғарғы марапат иесі болды. Қазір оның жолын баласы, немерелері жалғастырып жүр.

- Мен ес білгені әкемнің өте қарапайым, сонымен бірге достыққа берік адам екенін ұғынып өстім. Онымен бірге заводқа барып, темірдің қалай қорытылатынын көзбен көріп, қанықтым. Бұл өте қызық процесс, сондықтан мен ылғи „Болат балқытушы боламын„ деп айтатын едім. Бірақ әкем маған: „Бұл өте ауыр жұмыс, сондықтан дәрігердің оқуын оқы„ деп кеңес беруші еді. Бірақ мен алған бетімнен қайтпадым, „Сіздің ісіңізді жалғастырамын„ деп отырып алдым. Сөйтіп, мектеп бітірісімен мартен цехының табалдырығын аттадым. Мен 27-ге келгенде әкем қайтыс болды, сондықтан оның жолын жалғастыру азаматтық парызым деп білдім. Зейнетке шыққанға дейін бір орында тапжылмай еңбек еттім. Қазір менің ұлым, келінім, жолдасым да осы заводта еңбек етіп жүр, - дейді Болат Сұлтанұлы Көкенов.



Көкеновтердің Қарағанды металлургия комбинатындағы жалпы еңбек өтілі биыл тура 169 жылға тең болды. Әулет мұнымен тоқтап қалмайды, атақты атаның, танымал әкенің ісін немере-шөберелері жалғастыра берері сөзсіз.

Қазақстан металлургиясының бастауында болған жас бозбаланың бірі Төлепберген Сәлімбаев, ол 17 жасында майданға баруға сұранып, әскери дайындыққа кіріскен еді. Бірақ тағдыр оған басқа жұмысты лайықтапты, сөйтіп ол Ресейдің Северск құбыр заводына металлург мамандығын игеруге жіберілді. Ол осында қазақ баласына бейтаныс болат қорыту ісін игерді, сөйтіп, 1946 жылы Теміртауға оралып, қазақ металлургия заводында еңбек ете бастады. Әрине, ол кезде қазіргідей техника жоқ, бәрі де қолмен атқарылатын. Бірақ ерік-жігері мықты, өз ісіне шындап берілген жас бұл қиындыққа ешбір мойымады. Басында шихташы, содан кейін металды ыдыстарға құюшы болып еңбек етті. Ал 1964 жылы ескі заводтан жаңа мартен цехына ауысып, бір орында зейнетке шыққанға дейін еңбек етті. Төлепберген Сәлімбаев жастардың тәлімгері болып, өз шеберлігімен жалықпай бөлісті. Өйткені оның болат құюдағы тәжірибесі ерекше болатын, бұл процесте металл шығынына ең аз жол беретін осы Сәлімбаев екенін заводтағылардың бәрі жақсы білуші еді. Осылайша өз ісінің шебері атанған Төлепберген Қазақстан Магниткасында 1996 жылға дейін -бас-аяғы елу жыл жұмыс істеді. Қазір оның ісін



балалары Асқар, Мәлік, Мәншүк жалғастыруда. Немерелері де бірінен соң бірі осы саланы игере бастады. Қазір ұрпақтарының өзі 56 жыл еңбек өтілін жинап үлгерген. Сәлімбаевтар отбасының металлургия саласындағы ортақ еңбек өтілі 106 жылға тең.

Мұражай қызметкерлері үшін Кусковтар әулетінің табысы тіпті бір кермет олжа болды. Қаладағы ең байырғы әрі үлкен осы металлургтер әулетінің еңбек өтілі үш ғасырдан асып түскен-342 жыл. Әулеттің негізін қалаушы Виктор Алексеевич Кусков Ұлы Отан соғысына қатысып, 24 жасында елге оралғаннан кейін

бірден металлург мамандығына ден қойды. Дәл осы қазақ металлургия заводында өзінің болашақ жарымен танысты, бұл отбасындағы төрт баланың бәрі де өз өмірлерін металлургиямен байланыстырған. 1975 жылы ағайынды үш Кусковтар комсомол жастар бригадасын құрып, өздерінің әкесінің басшылығымен металл қорытудың қыр-сырын игерген еді. Қазір „АрселорМиттал Теміртау„ өндірісінде еңбек ететін Ольга Кускова өз әкесі мен ағаларының еңбегін лайықты жалғастырып жүргенін үлкен мақтаныш сезімімен әңгімелейді.

- Мен орта мектепті бітіріп, мамандық таңдайтын жасқа

әрқалай жолмен келеді. Ал көптеген теміртаулық жастар үшін бұл мұрагерлік жолымен келген жұмыс десек болғандай. Аталары мен әжелерінің жолдарын олардың балалары, немерелері, тіпті шөберелері жалғастыруда. Бұл дәл бүгін басталған үрдіс емес, Қарағанды металлургия комбинаты тұсында тәлімгерлікке отбасылық әулеттерге ерекше маңыз берілген. Соның бір мысалы ретінде „Қазақстан Магниткасы„ деп аталатын авторлық жинақта журналист кәсіпорында 600 жұмысшы әулеті бар екенін жазыпты.

Қандай да бір істі бүкіл әулеттің, отбасының негізгі жұмысына, кәсібіне айналдырғанда ғана одан ең игі нәтиже шығатынын осы жоғарыда келтірілген мысалдардан көруге болады. Қалалық

мұражай қызметкерлері Қазақстан Магниткасының 55 жылдығы қарсаңында „Ұрпақтардың жіпсіз байланысы„ жобасы аясында металлургтер әулеттері туралы құнды материал жинақтауды одан әрі жалғастыра түспек. Сондай-ақ қаланың басқа да кәсіпорындары мен мекемелерінде еңбек ететін түрлі мамандықтағы әулеттер жөнінде де жәдігерлер жинау қолға алынды. Бұл игілікті үрдіс отбасылық құндылықтың барлық жарқын беттерін жұртшылыққа жария ететін тың бастама ретінде көпшілік тарапынан қолдау табыры сөзсіз.

Серікгүл АЛТАЙБАЕВА

Имандылық иірімі

Ораза бір сыр. Ораза ішінде тыстай білінетін бір жағдай жоқ сияқты. Бұл құпия бір сыр болса Аллах Тағаладан басқасы көре алмайды. Оразаның сыйлығын өзіне алуы да осы себептен. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с. ның) хадисінде «Қиямет күні бір топ кісілер келеді. Олардың қанаттары бір құстардың қанаттарындай жәннаттардың дуалдарында ұшады. Бұл жағдайды көрген жәннат періштесі сұрайды: сіздер кімсіздер? Олар «біз Мұхаммед (с.ғ.с — ның) үмбетіненбіз», — деп жауап береді.

Жәннат періштесі тағы да сұрайды: — Сіздер есеп бердіңіздер ме?

Олар: — жоқ, — деп жауап береді.

Қайталап сұрайды: —Сіздер сират көпірін, яғни қыл көпірді көрдіңіздер ме? Олар: — Жоқ деп жауап қайтарады.

Тағы сұрайды: — Ендеше бұл биік дәрежеге қалай жеттіңіздер? Олар: — біз бұл дүниеде Ұлы Аллаһқа сыр жолымен ғибадат ететін едік. Енді ақыретте сыр жолымен жаннатқа кірдік» деп жауап береді.

Әбу һурайра (р.а) риуаят


етеді, Аллах Елшісі (с.ғ.с): «Қиямет күні сұраққа ең алдымен тартылатындардың ішінде шаһид [9] болады. Оған Аллах Тағала берген



нығметтер жайында айтылғанда, ол оның барлығын мойындайды. Сонда Аллах Тағала: «Сен соның шүкіршілігіне не істедің?» деп сұрағанда. Ол: «Иә, Раббым! Мен сенің жолыңда өлгенімше күрестім.»- дейді. Сонда Аллах Тағала: «Өтірік айттың.

Ораза риясыз сыр ғибадаты

және Құран оқыған адам тартылады. Оған да Аллах Тағала берген нығметтері жайында айтылып, ол оның барлығын мойындайды. Кейін: «Сен соның шүкіршілігіне не істедің?»,- деп сұралады. Ол: «Иә Раббым! Сенің разылығың үшін білім алып, оны адамдарға үйреттім. Өрі сенің разылығың үшін Құран оқыдым»,- дейді. Сонда Аллах Тағала: «Жалған айттың, сен оның барлығын: «Пәленше ғалым екен және пәленше қары[10] екен»,- деп айтылсын деп істедің. Солай айтылды да»,- дейді. Кейін оның да үкімі беріліп, ол етпетінен жатқан халде жермен сүйретіліп, жәһаннамға тасталады. Сұраққа Аллах Тағала оған барлық малдың түрін иеленуді нәсіп еткен дәулетті адам шақырылады. Оған да Аллах Тағала берген нығметтері жайында айтылғанда, ол оның барлығын мойындайды. Кейін: «Сен соның шүкіршілігіне не істедің?»,- деп сұралғанда,



ол: «Ия Раббым, Оны сенің разылығың үшін Өзің ұнатқан жолдың бәріне жұмсадым»,- дейді. Сонда Аллах Тағала: «Жалған айттың, сен бар болғаны: «Пәленше жомарт екен»,- деп айтылуын қаладың. Солай айтылды да»,- дейді. Кейін оның да үкімі беріліп, ол да етпетінен жатқан халде жермен сүйретіліп, жәһаннамға тасталады».[11]

**Қанат АНАСҰЛЫ,
Теміртау қалалық
мешітінің бас имамы**

Қадір түні - түндердің қайырлысы

Айлардың сұлтаны - Рамазан айы болса, сол Рамазан айының ең құнды, ең қасиетті түні - Қадір түні. Өйткені, бұл түн бүкіл адамзатқа Құран Кәрімнің аяттары түсе бастаған түн. Ләйләт-ул-Қадыр оразаның соңғы он күнінің бірінде болады. Биылғы Рамазан-да шілденің 13-нен 14-іне қараған түн - Қадір түні.

Мұсылман үмбетіне түсірілген қасиетті осы түн туралы Құран Кәрімнің Қадір сүресінде айтылады. Бес аяттан тұратын сүреде Құранның Қадір түнінде түсірілгендігі, оның мың айдан қайырлы екендігі, бұл түнде Жәбірейіл періште Алланың өмірімен жер бетіне түсіп, адамдарға қызмет ететіндігі және таңға дейін тыныштық болатындығы айтылады. Қадір түні періштелер мұсылмандарға дұға оқып, тілеулес болады. Бұл кеште жасалған ғибадаттың мың айға, яғни сексен үш жылға тең сауабы болатындығына байланысты мұсылмандар Қадір түнін құлшылықпен өткізуге тырысады.

Кейбір риуаяттарға қарағанда Қадір түні Рамазан айының 27-ші түні дегенмен Қадір түнінің дәл қай түн екені нақты белгісіз. Бірақ Пайғамбарымыздың (с.а.с.) хадис шәріптері Қадір түні Рамазан айының соңғы он күнінің біріне және тақ түндеріне сәйкес келетіндігін нұсқаған. Ислам ғалымдарының көзқарастары бойынша, бұл түн Рамазан айының тақ түндеріне, әсіресе, 27-ші түніне сәйкес

келеді. Олардың айтуынша, Қадір түнінің нақты датасының белгісіз болуының даналығы, мұсылмандар Рамазан айының тек сол түнімен ғана шектелмей, соңғы он күнді түгелдей құлшылықпен өткізсін дегенінде де болуы мүмкін. Себебі, Алла елшісінің (с.ғ.с.) өзі соңғы он түннің бәрінде де құлшылықпен өткерген екен. Бұл туралы Айша анамыз: Рамазанның соңғы он күні келгенде, Алла елшісі (с.ғ.с) түндерін намазбен өткізген, отбасы мүшелерін оятқан және құлшылықтарында ерекше ынта танытқан», - деген (әл-Бухари 2024, Муслим 1174). Сондықтан тақуалар ораза айының соңғы он түнін түгелдей құлшылықпен өткізетін болған.

Ал жалпы Қадір түнінің қасиетін жұмыр басты пенде өз ақылымен біле алмайды. Сондықтан Қадір түнінің ұлықтығы мен артықшылығы жайында Алла Тағала былай деді: «Расында, Біз оны (Құранды) Қадір түні түсірдік. Ал саған Қадір түнінің не екенін не білдіреді? Қадір түні мың айдан да артық. Ол кезде Раббыларының қалауымен, Оның әрбір өмірі үшін, періштелер мен Рұх (Жәбірейіл) түседі. Ол (түн) - таң атқанша сәлем!» (Қадір сүресі 1-5 аяттар). Және де былай деген: «Анық Кітаппен ант етемін! Біз оны берекелі түні түсірдік, әрі Біз ескертеміз. Бұл түні, Біздің өмірімізбен барлық дана істер шешіледі» (Духан сүресі, 2-5 аяттар). Яғни, Жаратушы Иеміз бұл түнде жасалған құлшылықты мың айда жасалған ғибадаттан

артық деп қабылдайды. Ал мың ай дегеніміз сексен үш жылдық мерзімді қамтиды.

Бүкіл адамзатқа Құран түсе бастаған ерекше және қасиетті түннің Қадір аталуының де себебі бар. Бұл араб тіліндегі «қадр» сөзі «мән-маңыз» және «өлшем», сондай-ақ «құдырет» деген мағыналарға келеді. Түннің «Қадір түні» деп аталуын ислам ғұламалары бұл түнде Алла Тағала адамдардың келесі жылғы тағдырын, яғни өмірі мен өлімін, ризық-несібесін, бақытты немесе бақытсыз болуын сол секілді тағы басқаларын жазатындығымен байланыстырады. «Қадір» және «тағдыр» сөздерінің түбірлестігінен де осыны аңғаруға болады. Өнәс ибн Мәлик былай айтқан: «Рамазан келгенде, Алланың елшісі (с.ғ.с.): «Расында, сендерге бұл ай келді! Онда, мың айдан да артық бір түн бар. Сонда кім ол түннен мақрұм қалса, оның барлық игілігінен мақрұм қалады. Ал оның игілігінен тек нағыз ғана мақрұм адам айырылып қалады!», - деді» (Ибн Мджаһ 1/289. Сенімділігін хафиз әл-Мунзири және шейх әл-Әлбәни растаған. «әс-Силсилә әс-сахиха» 1307). Қадір түнінде Жәбірейіл мен бүкіл періштелер жер бетіне түседі. Алланың елшісі (с.ғ.с): «Шын мәнінде, Қадір түні жер бетінде, періштелер ұсақ тастардан да көп болады», - деген.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с): «Басқа уақыттарда әрбір жақсылықтың сауабы он есе болса, ережеп айында жүзден асады. Шағбанда үш жүзден

асып, Рамазанда мың есеге артады, жұма түндері мың еседен асып, Қадір түнінде отыз мыңға дейін жетеді», - деген. Тағы бір хадисте: «Рамазан айы бойынша ақшам және таң намазын жамағатпен оқыған адам Қадір түнінен көп несібе алады», - деген. Ендеше Қадір түні Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) үмбетіне деген терең сүйіспеншілігінен туындаған дұғасының құрметі үшін қабыл болған.


Ал Қадір түнін қалай қарсы алған, өткізген жөн? Бірде Айша анамыз Пайғамбарымыздан: «Уа, Аллаһтың елшісі! Егер Қадір түніне жетсем қандай дұға оқиын?»,- деп сұрағанда, Ол: «Аллаһумма, иннәкә афуун, тұхиббул афуа, фаа-фу анни» (Уа Аллаһым! Сен тым кешірімдісің, кешіруді жақсы көресің, мені де кешіре гөр!), деп дұға ету керектігін үйреткен. Қадір түнінде де Аллаһ Тағаланың құдіреті үстем болады. Ол түннің қадірін білгендерге Аллаһтың мейірімі мен берекесі жауады, ал одан құр қалмау адамның рухани сергектігіне байланысты. Пайғамбарымыз үйреткендей, мұсылман баласы әрбір ісіне өзіне берілген ең соңғы мүмкіндік секілді қарай білуі керек. Сол себепті Қадір түнін енді көрме, көрмеймін бе, дегендей өте бір мұқияттылықпен өткізгені жөн. Осы тұста айта кетерлік тағы бір мәселе, кейбір мұсылмандардың Қадір түнінде Қыдыр атаны күтеміз деудің ешқандай діни негізі жоқ. Бұл аңыз. Сондықтан да, бұл түнді шынымен

біреуді күтіп емес, аятта бұйырылған ғибадаттарды, құлшылықтарды жасап, игі тілек тілеп, сауап үмітімен өткізген дұрыс. Ал түннің барлық уақытын құлшылықпен өткізе алмайтын кісілер, түннің бір бөлігін болса да ізгі амалдармен өткізсе болады. Соның ішінде қасиетті түнді Алла Тағалаға құлшылық жасау, намаз оқу, Құран оқу, үйрену, үйрету, уағыз айту және тыңдау, шариғат үйрену, тәсбіх тарту, діни кітаптар оқу, діни фильмдер көру, мешітке келгенде дүние сөзін сөйлемей амалдарын орындау арқылы зиярат етіп өткізу керек.

Қадір кешінің уақыты құн батқаннан сәресіге дейін жалғасады. Бұл түннің ғибадаттарын мұсылмандар мешіттерде де, өз үйлерінде де атқара алады. Кейбір мұсылмандар Қадір түнінде түні бойы дастархан жайып қойып, қолдарын қусырып отырумен шектеледі. Не болмаса, теледидар қарап, әңгіме айтумен өткізеді. Түні бойы көз ілмей шықсақ жеткілікті деп есептейді. Бұл да - қате. Имамдардың айтуынша, Қадір түнін өткізуде түні бойы дастархан жайып қою шарт емес.

Ең бастысы мұминдер бұл түнді дайындықсыз өткізбеуі тиіс. Өйткені, Әбу Хұрайра (р.а.) сахабамыз жеткізген хадисте «Кімде кім Қадір түнінің артықшылығына сеніп, сауабын Алладан күтіп, ғибадат, құлшылықпен өткізсе, өткен-кеткен күнәлары кешіріледі» делінген (Бұхари, Қадір, 1).

Берекесі мен қайыры мол түн - шілденің 13-нен 14-іне қараған Қадір түнін игілікпен өткізуге нәсіп етсін!



Ойын

Астана күнін тойлау құрметіне экономикалық ойын өткізілді. „Металлург., стадионы алдына таңертеңнен бастап „Арбат., ойынын ұйымдастыруға көмектесетін еріктілер жинала бастады.

Теміртау көшесіндегі «Арбат»

Теміртаулықтар үшін бұл бірінші шара еді, сондықтан „Жастар клубы., бұған дейін аулаларда өткізілген экономикалық ойын тәжірибесін ұтымды қолданды. Биылғы „Арбат., „АрселорМиттал Теміртау., АҚ-да жұмыс істейтін „Нұр Отан., партиясы мүшелерінің және спорт бөлімінің қолдауымен қанат қақты, оған қаланың тұрғындары, қонақтары, аула клубтары тәрбиеленушілері және әлемнің он елінен „АрселорМиттал Теміртау., АҚ-на „Қазақстандағы ынтымақ демалысы., бағдарламасы бойынша келген еріктілер қатысты.

Ойынның мәнісі әрбір қатысушы өзіне белгілі бір көлемде маркаларды, яғни тек „Арбатта., ғана жүретін ақшаны ала-



ды. Қаражатты олар түрлі көңіл көтеру станцияларында сурет салу, спорт жарыстарын көру, тағы басқа көптеген танымдық конкурстарға қатысуға жұмсайды. Егер биіктен қарасак, „Арбат., барлық станцияларға отбасы мүшелерімен баратын саяхатқа ұқсас еді. Мұндай ойындарды бала бақшаларда немесе мектептерде топ болып ойнайтын, ал бұл күні бүкіл қала Астана күні құрметіне осындай ойынға қатысты.

- Бұл ойын қатысушылардың өзара бір-біріне көмек және іскерлік байланыс көзқарасын қалыптастырды. Бір ерекшелігі, мұндағы ойынға отбасыларымен қатысқандар өте көп болды, - дейді қаладағы аула клубтарын дамыту жөніндегі жобаның үйлестірушісі Татьяна Миронюк.

Бұл күні қаладағы барлық жастар мерекелік іс-шараларды өткізуге көмектесіп жүретін „Шаңырақ., еріктілер одағы үшін де ерекше оқиға болды. Олар „АрселорМиттал., АҚ қала ұстаушы кәсіпорындары бар он елдің еріктілерімен алдағы уақытта іскерлік байланыста болуға меморандумға қол қойды. „Шаңырақ., тек ҚР-да ғана емес, одан тыс жерлерде де жобаларды жүзеге асыратын болады. Осы іс-шарада „Теміртау жастар клубы., біздің қаланың талантты ұл-қыздарының немен айналысатынын мыңдаған суреттермен жария етті.

Бұл шара алдағы уақытта өтетін „Бейбітшілік пен келісім керуені. Мәңгілік ел., деп аталатын аса ірі акцияның бастамасы болды. Көптеген балалар, тіпті тұтас отбасылар өздерінің бос уақыттарын үйде, көшеде өткізеді. Ал мынадай ойынға қатысу бұл әрі пайдалы, әрі достарды көбейтеді. Қазірдің өзінде керуеннің көптеген ойыншылары 4 шағын ауданға, №19 мектеп аймағына барып, концерттер, ойындар ұйымдастырды. Шағын аудандардың тұрғындарымен кездесіп, Елбасының „Нұрлы жол., және „100 нақты қадам., Жолдауларын түсіндіруге арналған үгіт плакаттарын таратты.

Анна ГОРНАЯ

Соңғы бет

№ 26 (28) 10 шілде 2015 жыл

Теміртау қаласында жаңадан салынатын құрылыстар мен олардың орындары

№	Салынатын жер	Салынатын құрылыс түрі	Құрылыс көлемі
1	86 орам	Екі көпқабатты тұрғын үй (4-6 қабат)	888 және 744 ш.м.
		Қоғамдық тұрғын үйлік емес ғимараттар (автокешен, техникалық жөндеу станциясы, көлік жуу)	360 шаршы метр
2	117 орам	Екі қоғамдық ғимарат құрылысы	800*2 ш.м.
		Үш көпқабатты тұрғын үй (4-5 қабат)	523*3шаршы метр
3	3 шағын аудан	Көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы (8-12 қабат)	852 ш.м.
		Қоғамдық ғимарат құрылысы. Автокешен, техникалық жөндеу станциясы, көлік жуу	1182,6 шаршы метр.
4	7 шағын аудан	Қоғамдық ғимарат құрылысы (қонақ үй салынуы мүмкін)	2100 шаршы метр.
5	8 шағын аудан	Көпқабатты тұрғын үй (5-9 қабат)	1592,5 шаршы метр.
		Қоғамдық ғимарат құрылысы (2 дана)	718 шаршы метр.
6	Горка Дружбы шағын ауданы	Көпқабатты тұрғын үй құрылысы (5-9 қабат)	689 шаршы метр.
		Көп деңгейлі автотұрақ кешені	1786 шаршы метр.
7	Мичурин көшесі, Мәдениет сарайы артында	Жеке тұрғын үй құрылысы үшін 1000 шаршы метрден 21 жер учаскесі	21000 шаршы метр
8	4 «А» орам, Колхоз көшесі	Жеке тұрғын үйлер құрылысы 212 жер учаскесі	29 га.
		Көп қабатты тұрғын үйлер құрылысы 10 дана (3-4-5 қабат)	1 га.
		160 орындық бала бақша	1,2 га.
		Қоғамдық ғимарат (Кітапхана, интернет кафе, мүдделестер клубы)	500 шаршы метр.
		Қоғамдық ғимарат (Қоғамдық тамақтандыру орны) Чкаловка бұрылатын жолдағы үйлердің арасына қосымша	600 шаршы метр -1200 шаршы метр
		Қоғамдық ғимарат (жаттығу залы, фитнес)	1500 шаршы метр
		Қоғамдық ғимараты (Ашық және жабық алаңдары бар спорт кешені)	6400 шаршы метр
		Қоғамдық ғимарат- техникалық жөндеу станциясы	1440 ш.м.
		Қоғамдық ғимарат-дүкен	400 ш.м.
		Екі деңгейлі паркинг (4 дана)	1000,1200, 1500*2-3000 ш.м.
		Панфилов көшесін көгалдандыру	1,08 га.
		Өндірістік аймақты жағалай көгалдандыру	5,2 га
9	68 орам,№ 4,5,10,11 Теміржол аймағы	Екі дүкеннің құрылысы	300 және 400 шаршы метр
		Монша құрылысы	400 ш.м.
		Жұмыс істеп тұрған сауда орталығына қосымша құрылыс	3816 ш.м.
10	С.Разин көшесі, ТТС аймағы	Өндірістік нысандар құрылысы	110,300,212,5 ш.м.
		Автокөлікке қызмет көрсететін нысандар	0,274 га және 0,333 га
		Қоғамдық ғимараттар	0,320 және 0,644 га
11	4 шағын аудан, «Пас-саж» сауда орталығы аймағында	Қоғамдық ғимараттар құрылысы	110;300 және 212,5 ш.м.
		Бизнес орталық	320 ш.м.
		Сауда үйі	15000 ш.м.
		Сауда павильоны	380 ш.м.
12	Республика даңғылы „Москвич., техникалық жөндеу станциясы аймағында	Автосервис құрылысы	600 ш.м.
		Коммуналдық қойма бағытындағы бес нысан (цехтар, қоймалар және басқалар)	540,264,500, 420,450 ш.м.
13	Ресбуилика даңғылы, Металлург стадионы аймағы	Екі спорттық сауықтыру кешені құрылысы	2646 ш.м. 480 ш.м.
		Картинг құрылғысы бар белотрек жолын жаңалау (Достық саябағы)	7150 ш.м.
		Ә.Молдағұлова атындағы мектеп-интернат	750 ш.м.
		Балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі	250 ш.м.
14	94 орам	„Таун-хаус., стиліндегі үш үйдің құрылысы Бес қоғамдық ғимарат (дүкен, балалар орталығы, кеңселер)	1800 шаршы метр. 150 және 180 шаршы метр

Г.КҮСЕНОВА,

„Теміртау қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімі., ММ бастығы

МЕНШІК ИЕСІ:
«Құрыш қала KZ» газетінің редакциясы» ЖШС
Құрылтайшысы әрі директоры
Т. СМАҒҰЛОВ

Бас редактор **Руза АЛДАШЕВА**
Техникалық редактор:
Қарлығаш БЕЙСЕНҚЫЗЫ

Газетті есепке қою туралы № 15007-Г куәлікті 2014 жылғы 18 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті Мерзімді баспасөз басылымын және ақпараттық агенттік берген.
Газет айына төрт рет шығады
Тапсырыс 28
Тиражы 1000 дана.
Форматы А-3.
Көлемі 3 баспа табақ.
Офсетті басылым:
Газет «Құрыш қала KZ» газеті редакциясында теріліп, беттелді.
Газет «Арқо» ЖШС баспаханасынан басылды.
(Қарағанды қ., Сәтбаев қ., 15 үй). Индекс 64023

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді, жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.
Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
Редакция мекен-жайы: Теміртау қаласы, Блюхер көшесі, 13 үй, 237 кабинет.
Телефон: 8 (7213) 44-76-62. Телефон/факс: 8 (7213) 98-16-11 Электронды поштамыз: **khurysh_khala_KZ@mail.ru**